


21 ТАМЫЗ – СПОРТ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



МЕРКІ ТЫНЫСЫ

МЕРКЕНСКИЙ ВЕСТНИК

Меркі аудандық газеті (Жамбыл облысы) • Газет 1934 жылғы 15 қыркүйектен бастап шығады



№107-108
/10489-10490/
жұма,
19 тамыз
2016 жыл

**Аудан әкімі М.Өмірбековтың
Спорт күні мерекесімен**

Құттықтауы

**Құрметті Меркі ауданының спортшылары және
спорт жанкүйерлері!**

Сіздерді Спорт күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!
Бұл – денсаулық пен күш-жігер, шыдамдылық пен сергектік
мерекесі.

Спортпен және дене тәрбиесімен шұғылдану, салауатты
өмір салтын қалыптастыру – бұл еліміздің дамуының 2050 жылға
дейінгі көздеген стратегиясында да атап көрсетілген. Елбасымыз
Н.Назарбаев: «Дені сау ұлт – бәсекеге қабілетті болады. Сондықтан
спорттың бұқаралық сипатын дамыту – мемлекетіміздің стратегиялық
басым бағыттарының бірі. ...Спорт – елдің мерейін асырып,
абыройын тасытатын сала. Тәуелсіздік жылдары ел спортшылары
халықаралық ірі жарыстарда топ жарып, көк байрағымыз асқақтай
түсуде» – деген болатын.

Еліміз Тәуелсіздігін алып, дербес мемлекет атанғалы бері оның
Туын көптеген мемлекеттердің көк аспанында желбіретіп, Өнұранын
асқақтатып елімізді әлемге танытқан – осы спорттың құдіреті. Дені
сау ұлт – бәсекеге қабілетті ұлт.

Дәл бүгіндері Бразилияның астанасы Рио-де-Жанейрода жазғы
олимпиада ойындары өтуде. Осы олимпиада да қазақстандықтар
жұлделі орындарды иеленіп, жақсы нәтижелерге жетуде. ХХХІ жазғы
олимпиаданың қалған күндерінде біздің спортшыларымыз жоғарғы
жетістіктерге жетіп, жұлделі орындарды иеленіп, елімізге аман-есен
оралсын деп тілейміз.

Құрметті меркіліктер!

Мерекелеріңіз құтты болсын! Дендеріңізге саулық тілеймін!

Қазақ елінің көк Туын әлемге танытатын талантты ұл қыздары
көп болсын, спорт саласындағы жетістіктеріміз бен табыстарымыз
арта берсін!

Шырын МАМАСЕРІКОВА



БОКСШЫ

(Данияр Елеусіновке)

Отан – Ана алдындағы парызды,
Омырауына тұмар еткен тәрізді.
Шарболаттай шоқта жатып

шыңдалған,
Жалын атқан жігіт екен жаны ізгі.

Ақ алмастай лыпыл қағып тұратын,
Қарсыласын қақ шекеден ұратын.
Елеусінов елдің даңқын шығарды,
Талантына тарих мойнын бұратын.

Бет қаратпас жойқын соққы иесі,
Боксшыға алтын медаль тиесі.
Жайпап берер жекпе-жекте
сұлатып,
Саусағының бар ма әлде киесі?!

Ата-баба әруағына сыйынып,
Тілеуінді тіледі жұрт жиылып.
Жараланған маңдайыңды көргенде,
Жүйке жүнжіп, жүрек кетті күйініп.

Тіршіліктің төрк етіп тұғырын,
Күндер кешкен спортқа арнап
ғұмырын.
Даниярды жер-жүзіне танытты,
Батыр деген қасиетті ұлы ұғым!..

**БАҒЫШ
БОЛЫЖ
ШОҚТЫҒЫЖ
(Елдос Сметовке)**

Олимпиада – сұлу спорт сәресі,
Кіл мықтының күшін сынар жер осы.
Жеңіп шығып жарқыратар жұлдызын,
Бейбіт күнгі батырлардың төресі.

Жауап тауып сан күдіктің сұрағы,
Сәуле шашар шапағаттың шырағы.
Мемлекеттің мәртебесін көтерер,
Шашасына шаң жұқпайтын пырағы.

Құрыш қолмен белін бүгіп жасықтың,
Қуантуға халқыңды, Елдос, асықтың.
Қайратыңмен ар-намысты оятып,
Қазағымының абыройын тасыттың.

Жанкүйер боп он отырып, он тұрдым,
Жартыланған көңілімді толтырдың.
Күміс медаль кеудемізге тақтың да,
Басымызға бақыт құсын қондырдың.

Асыл арман көкірегіңе нұр жағып,
Ақтау үшін ел сенімін зыр қағып.
Алаңға сен шыққан сайын, Елдосжан,
Ақ жол тілеп Отан – анаң тұр бағып.

Тіршілікте спортшыға жоқ тыным,
Теңіздей тер төгіп өтер көп күнің.
Қияметтей жанқиярлық күресте,
О, Жаратқан, биік етші шоқтығың!..

Әкім бол, халқыңа жақын бол!

ДЕПУТАТТАР АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРДІ

**Кеше, 18 тамыз күні, алтыншы шақырылған Меркі аудандық
мәслихатының жетінші сессиясы болып, онда «Меркі ауданының
әкімі М.А.Өмірбековтың өзіне жүктелген функциялары мен
міндеттерін орындауда атқарған жұмыстары туралы аудандық
мәслихат депутаттары алдындағы есебі туралы» мәселе
қаралды.**

Әтіркүл ТӘЖІБЕКҚЫЗЫ, Айбол ИМАНБЕКОВ (сурет), «Меркі тынысы».

– 267209), 12 мың 567 жылқы
(2015 ж. – 12513), 114 түйе (2015
ж. – 136), 1123 шошқа (2015 ж. –
1747), 60 мың 330 құс бар (2015
ж. – 59475). Өткен жылдың осы
кезеңімен салыстырғанда, ірі қара
– 1738 басқа, жылқы – 54 басқа,



Залдан көрініс

**Аудан әкімі
М.Өмірбеков**

Аудандық мәслихаттың кезекті
сессиясының төрайымы, депутат
Ж.Оспанова жиналғандарды
сессияның күн тәртібімен
таныстырып, сөз кезегін аудан
әкімі М.Өмірбековке берді.

– Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы
Назарбаев бекіткен Қазақстанның
2050 жылға дейінгі даму
Стратегиясында белгіленген негізгі
басым бағыттарын жүзеге асыру
мақсатында Үкімет тарапынан
бірқатар мемлекеттік және салалық
бағдарламалар қабылданып, іске
асырылуда. Соның нәтижесінде,
елімізде ауқымды демократиялық
және саяси реформалар жүйелі
жүргізіліп, ел экономикасын
дамыту бойынша нақты қадамдар
жасалуда, – деп бастады Мейірхан
Азатұлы. – Біздің жұмысымыздың
басты өлшемі – халықтың берер
бағасы. Сондықтан да, халықтың
өкілдері алдында жүзеге асырылған
істер бойынша есеп беру дәстүр
болып қалыптасты. Атқарған
жұмысымызды саралап қана
қоймай, алда тұрған міндеттерді
межелеп, нақтылап, келісіп
алғанымыз дұрыс.

Одан әрі аудан басшысы
ауданның есепті кезеңдегі
әлеуметтік-экономикалық

көрсеткіштерінің негізгі салаларына,
оның ішінде, қол жеткен оңды
өзгерістерге жеке-жеке тоқталды.

Мысалы, аудан экономикасының
өнеркәсіп саласында кәсіпорындар
2016 жылдың қаңтар-маусымында
19 млрд. 889,3 млн. теңгенің
өнеркәсіп өнімдерін өндірген.
Нәтижесінде, нақты физикалық
индекс көлемі 170,8 пайызды құрап,
облыс көлемінде 1 орынға шықты.
Инвестиция – 113% орындалды.

Аудан бойынша жалпы егістік
жердің көлемі 100640 гектарға,
оның ішінде, суармалы жер 20075
гектарға жеткен. Есепті кезеңде
дала жұмыстарының атқарылуы
төмендегідей: күздік бидай – 12473
га, 99,7 пайызға, жаздық арпа –
21537 га, 126,5 пайызға, дәндік
жүгері – 409 га, 34,0 пайызға,
майлы дақылдар – 8696 га, 80,5
пайызға, қант қызылшасы – 951
га, 47,5 пайызға, картоп – 647 га,
107,8 пайызға, көкөніс – 992,1 га,
114,0 пайызға, бақша – 291 га, 72,7
пайызға, бірінші жолғы жоңыршақ –
4914 га, 109,2 пайызға орындалған.

2016 жылдың қаңтар-
маусымында мал басының саны
да артқан, ауданда 37 мың 464
мүйізді ірі қара (2015 ж. – 35726),
270 мың 667 қой-ешкі (2015 ж.

құс – 855 басқа өсіп, түйе – 22
басқа, шошқа – 624 басқа азайып
отыр.

Есепті кезеңде өндірілген
сүт – 14171,1 тонна, ет – 3813,8
тонна, жұмыртқа – 932,5 мың/дана,
жүн – 673,2 тонна. Өткен жылдың
осы кезеңімен салыстырғанда,
өндірілген сүт – 9,7 тоннаға, ет
– 289,9 тоннаға, жұмыртқа – 6,3
мың/данаға ұлғайып отыр.

«Меркі өнімдері» ауыл
шаруашылығы өндірісі кооперативі
құрылып, бүгінгі күні кооперативке
1000 бас асыл тұқымды мал
алып беріліп, жеке зауытын салу
бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Есепті кезеңде (қаңтар-
маусым) аудан бойынша
«Сыбаға» бағдарламасы 49,6
пайызға, «Алтын асық» кешенді
бағдарламасы 241,8 пайызға,
«Құлан» жылқы шаруашылығын
дамыту кешенді бағдарламасы
136,0 пайызға жайылымды
суландыру бағдарламасы 60
пайызға орындалып отыр. Сонымен
қатар, 135 млн. теңгеге 20 дана
өртүрлі ауыл шаруашылығы
техникалары сатып алынған.

(Басы. Жалғасы 2-бетте)

Әкім бол, халқыңа жақын бол!

ДЕПУТАТТАР АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Кәсіпкерлікке келсек, аудан көлемінде 5136 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген, оның ішінде, орта – 4 (белсендісі – 3), шағын – 267 (белсендісі – 137), жеке кәсіпкерлер – 3289 (белсендісі – 3066) және шаруа қожалықтардың саны – 1576. Шағын және орта кәсіпкерлік саласында жұмыспен – 12579 адам қамтылған, – дей келе, Мейірхан Азатұлы индустриалды – инновациялық дамыту бағдарламасына да тоқталды.

Екінші бесжылдықта: 2015-2019 жылдарға арналған индустриалды – инновациялық дамыту бағдарламасы шеңберінде жалпы құны 1284,0 млн. теңгені құрайтын 2 инвестициялық жоба жүзеге асырылмақ.

1. «ЦАСК» ЖШС Меркі филиалы – «Шырын тазалайтын цехты қайта жаңғырту» жобасы. Жоба құны – 664 млн. теңге. 2016 жылдың 6 сәуірінде жоба іске қосылып, 18 жаңа жұмыс орны ашылды.

2. «Меркі ет» ЖШС – «Ет өнімдерінің консервілеу, шұжық өнімдерінің және сиыр еті өнімдерінің өндірісін ұйымдастыру». Жобаның құны 620 млн.теңге. Жобаның жылдық қуаттылығы: консервіленген құтылар – 262 мың дана және 250 тонна ет өнімдері. Жобаны іске қосу мерзімі 2017 жылдың бірінші жартыжылдығы. Жоба бойынша 25 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

2016 жылдың 6 айының қорытындысында жалпы сомасы 428,1 млн. теңгені құрайтын 7 жоба іске асырылды. Жобалар іске асырылғалы бері 187 азамат тұрақты жұмыс орнымен қамтылды, – деді аудан басшысы.

Одан әрі «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының орындалуы, туризм жайы, еңбек нарығындағы жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау жайы туралы да мысалдармен нақты әңгімеленді.

Білім саласына келер болсақ, ауданымызда жалпы білім беретін 38 мектеп бар. 2015-2016 оқу жылында аудан мектептерінде – 14935 оқушы оқумен қамтылған. Аудан мектептерінде 1968 білім қызметкері жұмыс атқарады, оның ішінде жоғары білімдісі – 1798, арнаулы орта білімдісі – 170.

2014-2015 оқу жылының алты айында аудан бойынша 3-6 жас аралығында 2213 бала қамтылса, балабақша кезегіне – 1412 бала тіркеліп, қамту үлесі 32,1 пайызды құраса, 2015-2016 оқу жылының есепті кезеңінде аудан бойынша 3-6 жас аралығында 2392 бала қамтылып, қамту үлесі 34,4 пайызды құрап отыр. Бұл күндері бөлімде 1176 бала балабақша кезегіне тіркелген. 2020 жылға дейін бұл саладағы міндет балабақшаға байланысты 100% қамту керек болса, алдағы уақытта жан-жақты, тиімді жұмыстар ұйымдастырылмақ.

Аудан әкімдігінің білім бөлімінде, «Жұмыспен қамту – Жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында келесі нысандарға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде:

1. Меркі ауылы №17 И.Трубицын атындағы ОМГ ғимаратын күрделі жөндеуден

өткізу үшін ЖСҚ өзірленіп, күрделі жөндеу жұмыстарының құны – 264 625, 288 теңгені құрап отыр. Жөндеу жұмыстары 26 желтоқсанға аяқталады деп жоспарлануда.

2. Ойтал ауылындағы №20 Т.Рысқұлов атындағы ОМ ғимаратына да ЖСҚ өзірленіп, күрделі жөндеу жұмыстарының құны – 206 757, 381 теңгені құрап отыр. Жөндеу жұмыстары 20 қыркүйекке аяқталады деп жоспарлануда.

3. Ж е м і с - ж и д е к ауылындағы бұрынғы «Огонек» балабақшасының ғимаратын 120 орындық балабақша ретінде қолданысқа енгізу мақсатында, күрделі жөндеу жұмыстарының құны – 110 093,244 теңгені құрап отыр. Жөндеу жұмыстары 15 қыркүйекке аяқталады деп жоспарлануда.

Жаңа оқу жылына көмірмен жылытылатын барлығы 28 мекемеге 3296 тонна көмір қажеттілігі нақтыланып, жергілікті бюджеттен 46 103,882 теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу іс-шаралары жүргізіліп, екі жақты келісім-шарт жасалынды. Білім мекемелеріне автономды түрде жылу беретін жылу қазандықтарына, үздіксіз тоқ көзін тарататын баламалы дизелді электр қозғалтқыштарын сатып алуға, 2016 жылы аудан бюджетінен 1871,130 теңге қарастырылып, мемлекеттік конкурс өткізу іс-шаралары жүргізілуде.

Есепті кезеңде мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі бойынша 1 орталық Мәдениет үйі, 7 ауылдық мәдениет үйі, 7 ауылдық клуб, орталық кітапхана, 1 балалар кітапханасы, 26 ауылдық кітапхана және 1 мұражай халыққа қызмет атқаруда. Сондай-ақ, аудандық Мәдениет үйі қарамағында кинофикация бөлімі, орталық саябақ, 7 этно-мәдени орталық жұмыс атқарды. Олардың материалдық-техникалық базасын нығайту үшін 2016 жылдың 6 айында 17 млн. 300 мың теңге бөлініп, компьютерлер және принтерлер, театрлық креслолар, сахналық киімдер, жиһаздар алынды.

Денсаулық сақтау саласында 250 келушіге арналған орталық емхана құрылысы жүргізілуде, сметалық құны 1 млрд. 836,5 млн. теңге. Медициналық көмектің сапасын арттыру үшін 2016 жылдың 6 айында 8 дәрігер мен 27 орта буын медицина қызметкері біліктілігін көтеру үшін оқып келді.

2016 жылға жалпы автомобиль жолдарына бөлінген қаржы 137,6 млн. теңге. Оның ішінде, облыстық бюджеттен 116,7 млн. теңге, аудандық бюджеттен 20,9 млн. теңге бөлінген. Атап айтқанда, биылғы жылы ауданда көшелер және орта мектепке кірме жолдарына, яғни, 3 шақырым жолға орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. (Меркі ауылындағы Ә.Ысмайылов көшесін (орталық аланды), Т.Рысқұлов ауылындағы 180 орындық орта мектепке кірме автожолды, Қызыл сай ауылындағы Рысқұлбеков көшесі мен кірме жолын орташа жөндеу).

Қосымша биылғы жылы республикалық маңызы бар «Қырғызстанға батыстан кірме» 7,7-32 шқ автомобиль жолын (Екпінді ауылынан Андас батыр ауылындағы шекараға дейін) орташа жөндеу үшін 594,6 млн.

теңге қаржы бөлінді. Қазіргі таңда жұмыс кестесіне сай орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Өңірдегі 44 елді мекеннің барлығы электр көздерімен жабдықталған. Аудандық электр жүйелерінде электр энергиясын қолданатын жеке тұлғалар саны – 16338, заңды тұлғалар саны – 561.

Ауыз су мәселесіне келсек, 29 елді мекенде немесе 50077 адам орталықтандырылған ауыз сумен, ал 14 елді мекенде немесе 33463 адам орталықтандырылмаған ауыз сумен (оның ішінде 1 елді мекен немесе 457 адам ашық су көзінен пайдаланады) қамтылған.

Аудан автожолдарында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары тұрақты жүргізілуде. Мысалы, аудандағы орталық Ә. Ысмайлов - М. Мәметова - Торғаев көшелерінің қиылыстарына бейнекамералар орнатуға және жергілікті полиция қызметкерлеріне көкірек бейнекамералар мен рациялар алу үшін аудандық бюджеттен 20,2 млн. теңге бөлінді. Қазіргі таңда бейнекамералар орнатылды.

Аудандағы барлық бағдаршамдарды күтіп ұстауға, жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, жасанды кедергілер және жол белгілер орнату, жол жолақтарын сызуға 7,7 млн. теңге бөлінді. Өткен жылмен салыстырғанда қаржы 17,9 млн. теңгеге артқан.

Газдандыру бойынша 44 елді мекеннің 38-не жоғарғы және орта қысымды газ құбыры тартылған немесе 86,3%. Қалған 10-45 аула саны бар 6 елді мекенге (Қарасу, Ақкөзқайнар, Жауғаш батыр, Мыханды елді мекендері және Тасөткел, Шемен разъездері) газ тарту жұмыстары 2020 жылға дейін жоспарланған.

Елді мекендердің жерлерін кеңейту бойынша ауданның бас жоспарына сәйкес елді мекендердің шекарасы жалпы ауданы 362,6 гектарға кеңейтілді.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде 76,8 млн. теңге қаражат бөлініп, 29 жобаны іске асыру жоспарлануда. Есепті кезеңде Меркі ауылдық округіндегі №1 және №2 жер асты жолын абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, іске қосылды.


Аудан әкімі М.Өмірбеков депутаттар мен сессия жұмысына қатысушылар алдында атқарылған жұмыстар туралы жан-жақты есеп бере отырып, алда тұрған маңызды мәселелер туралы да айтып өтті.

№10 сайлау округінен сайланған депутат Н.Қойшыманова және №11 сайлау округінен сайланған депутат Қ.Кемелбаевтар жарыссөзге шығып, атқарылған жұмыстар туралы өз ойларын ортаға салып, аудан әкімінің есебіне «қанағаттанарлық» деген баға берді.

Сессия жұмысына аудандық мәслихат депутаттары, құқық қорғау органдарының өкілдері, аудан әкімінің орынбасарлары мен бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдері, қоғамдық кеңес мүшелері және т.б. қатысты.



В малом зале райакимата состоялось заседание «круглого стола», в котором приняли участие руководитель аппарата акима района Е.Акек, представители райсудов, прокуратуры, органов внутреннихх дел, государственных управлений доходов и другие из пяти районов, это: Меркенский, Т.Рыскуловский, Шуский, Мойынкумский, Кордайский, на котором обсуждался разработанный и действующий новый Этический кодекс госслужбы.



Ольга МАЗУР, Расул МАЛЛАБАЕВ (фото), "Меркі тынысы".

ГОВОРИЛИ ОБ ЭТИКЕ И ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ ДОСТОИНСТВЕ



Открыл заседание «круглого стола» заместитель руководителя Департамента по делам государственной службы по Жамбылской области Д.Каипов, отметивший цели и задачи этого актуального мероприятия. Сотрудник Департамента по делам государственной службы по Жамбылской области С.Алибеков отметил, что в Плате нации «100 конкретных шагов» Главой государства были предусмотрены жесткие меры по предупреждению условий, ведущих к нарушению этических норм и порождающих коррупционные проявления в среде чиновников. Разработан новый Этический кодекс госслужбы, в котором регламентированы стандарты поведения госслужащих на работе и в быту. Также предусмотрено создание нового института – уполномоченных по этике. Они будут консультировать граждан и госслужащих, обеспечивать защиту их прав. Он сказал и о том, что важный аспект нового закона о государственной службе связан с тем, что его базовые нормы распространены и на правоохранительные органы.

Выступив перед собравшимися, старший помощник прокурора области Г.Абдрахманов, сказал о том, что служба в правоохранительных органах, особый вид государственной службы граждан Республики Казахстан, связанный с выполнением ими служебных обязанностей и служебного долга перед народом и государством. Несение службы является выражением особого доверия с их стороны и предъявляет высокие требования к нравственности и моральному облику сотрудника органов внутренних дел. Общество рассчитывает, что сотрудник правоохранительных органов будет вкладывать все свои силы, знания и опыт в осуществляемую им профессиональную деятельность, беспристрастно и честно служить обществу. И потому, необходимо добиться, чтобы все правоохранительные органы и, прежде всего, полиция, стояли на службе

интересов людей и укрепления правопорядка. Для этого создана местная полицейская служба, подотчетная местным органам власти и местным сообществам, которая начала работу с 1 января 2016 года. В ее компетенцию входят вопросы охраны общественного порядка, противодействия бытовой преступности, обеспечение дорожной безопасности и «нулевой» терпимости к мелким правонарушениям.

К словам выступающих также присоединился председатель общественного объединения «Информационный центр «Панорама» Б.Мурбеков, который сказал о том, что стержневым принципом нравственного сознания сотрудников правоохранительных органов является принцип законности, следование которому не только служебная обязанность, но и моральный долг.

Сотруднику правоохранительных органов следует постоянно воспитывать в себе умение нравственного мышления, нравственного анализа ситуации, для того, чтобы в каждом конкретном случае определить соответствие своих действий нравственной допустимости. Нравственная воспитанность сотрудника должна быть его профессиональным качеством, позволяющим ему осуществлять свою деятельность таким образом, чтобы в ней профессиональный интерес не утратил нравственные ориентиры. О необходимости морально-психологической подготовки, которая направлена на формирование и поддержание требуемого морально-психологического состояния сотрудников и обеспечение оптимального проявления профессиональных качеств при выполнении ими функциональных обязанностей.

Во время «круглого стола» его участники принимали участие в прениях, задавали вопросы и делились своими мнениями.

На снимке: во время «круглого стола».



К 100-летию национально-освободительного движения

На научно-практической конференции, посвященной 85-летию этого движения, проведенной в с.Мерке Жамбылской области, известные ученые-историки Казахстана и Кыргызстана дали оценку историческим событиям того времени.

Как отмечал академик НАН РК М.Козыбаев: «События 1916 года в Чуйской долине не заняли своего заслуженного места в истории национально-освободительного движения». Целью участников конференции было «стремление придать событиям

волостному Курагатинской волости Аккозу Косанову было 67 лет. Его уважали в народе за честность, смелость и мудрость. Народное движение, во главе с Аккозом Косановым, Досмаилом Сыргабаевым, Тураром Рыскуловым охватило территорию

ВОЗВРАЩАЯСЬ К СОБЫТИЯМ 1916 ГОДА

иссыккульской котловины и Чуйской долины в 1916 году статуса самостоятельного центра национально-освободительного движения Средней Азии и Казахстана».

Прошло 15 лет, но до сих пор в истории Казахстана выделены только два основных центра движения: Тургайский и Семиреченский. Целью данной статьи является показать роль меркенских шаруа в национально-освободительном движении 1916 года. Как же развивались события?

Причинами выступления народа было: переселенческая политика царизма, изъятие земель и проблема водопользования. Местные власти, создавая переселенческие поселки в Мерке, Чалдоваре, Карабалте, изгоняли местных жителей с родных земель в горы и пески. Одним из таких поселков была Кузыминка. Часть ее занимала территорию шести аулов Курагатинской волости, другая – земли Аспары, затем Каменку Каракыстакской волости. Это были зимовки изгнанных казахов. Власть, с целью создания земельных фондов в 1914-1916 годах, активно проводили колонизацию земель. Одним из таких участков был и Мынказан, с самыми плодородными землями. Поэтому, это часто приводило к межэтническим столкновениям в регионе.

На основании Указа императора Николая II, генерал-губернатор Туркестанского края А.Куропаткин, дал приказ – мобилизовать из Аулие-Атинского уезда 1304 человека, но после восстания казахов увеличил до 22100 человек. Из Аспары – 549, Чу – 164, Курагаты – 617. Таким образом, всего из 43 волостей Аулие-Атинского уезда было реквизировано 13104 человека. Указ вызвал возмущение в народе.

На встрече собравшиеся представители родов, согласуя свои дальнейшие действия, решили не отдавать своих людей и, при необходимости, оказывать сопротивление властям. С того дня началась ускоренная подготовка копий, топоров, ружей. Как отмечал Т.Рыскулов: каждая волость имела свой флаг. От каждой юрты требовался один боец. На каждую волость имелось 30 ружей (кремневки и несколько винтовок) и по 10-15 патронов. Уже с 17 по 25 августа 1916 года шла открытая подготовка к выступлению. На 28 августа в Курагатинской волости был назначен волостной съезд для составления списков рабочих на тыловые работы. Но вместо съезда, трудящиеся собрались в местности Ойтал, в 20-25 верстах от села Мерке. На съезде Аккоз Косанов был единогласно провозглашен предводителем. По воспоминаниям современников, бывшему

Меркенского, Чуйского, Луговского, Карабалтинского районов, иначе говоря, всю Чуйскую долину, предгорье Юго-Восточного Тянь-Шаня. Меркенский уезд был образован в 1893 году. В состав уезда входили киргизы Жайылской, Талканской, Карабалтинской волостей. Численность восставших достигла 10 тысяч человек. При наступлении на врага, меркенцы использовали степную тактику, то есть, пускали табуны лошадей, вызывая панику у врагов. Восставшие выступали совместно с киргизами Пишпекского уезда, джигитами Чу.

Начальник Аулие-Атинского уезда, телеграммой от 29 августа доносит, что по телеграфному сообщению участкового пристава на Меркенском участке начались вооруженные беспорядки. Повстанцы прервали телеграфную линию от селения Чалдовар до селения Мерке. Была прервана телеграфная линия Мерке-Пишпек, телеграфные столбы были унесены за много верст от линии. Ямщики (киргизы) почтовых станций Уч-Булак, Чалдовар, демонстративно оставили свои места и ушли, что вызвало остановку в движении почты и проезжающих. О жестокости карательных отрядов и массовой расправе над мирным населением было выступление А.Керенского на заседании IV Государственной думы.

Выступление жителей нашего региона является частью национально-освободительной борьбы против колониализма.

Движение потерпело поражение, но оно показало, что народ, доведенный до отчаяния, может стать серьезной угрозой для царизма, подняло национальное самосознание.

Чем дальше уходит время, тем более значимым для нас является переосмысление событий 1916 года. Юное поколение должно знать своих борцов за свободу и гордиться ими. Сегодня именем Аккоза Косанова названа средняя школа №18 села Мерке. Благодаря потомкам Аккоза Косанова, с целью увековечения его памяти, в той же школе открыт музей. Хотелось бы, чтобы как можно больше учеников посещали этот музей.

По воспоминаниям его внука, Тохтахана Мырзабаева: «Он завещал своим потомкам не делать зла, не совершать насилия, говоря, что зло может обернуться бумерангом. Быть честным, справедливым, верным. Только тогда можно быть уважаемым и почетным в народе». Как актуальны и важны для нас его наставления.

А.СУЛТАНОВА,
учитель истории СШГ №39
имени Темирбека Кожакеева

КРАСИВОЕ ДЕЛО

У салона красоты «Сұлушаш» своя клиентура. Люди сюда приходят зная, что здесь работают профессионалы, те, кто в профессии красоты уже являются асами. А значит, и риска быть неудачно подстриженным, с испорченными настроением нет.

Ольга АКИНИНА, "Меркі тынысы".

Анна Павловна Полунина (на снимке) парикмахер-универсал с большим опытом и стажем работы, она одинаково профессионально подстригает и женщин, и мужчин, и детей, а еще, она замечательный психолог. Как только клиент заходит в салон, расположенный в центре, она сразу же может уловить его настроение, понять, чего он хочет. Если, клиент сомневается в том, какую стрижку хочет сделать, она подскажет, предложив интересные, современные стрижки, которые смогут подчеркнуть достоинства внешности человека и замаскировать недостатки. И, каждый раз, клиенты уходят от Анны Павловны довольные ее работой и с хорошим настроением от своего нового образа.

Анна Павловна со всем справляется великолепно: и со стрижкой, и с укладкой, и с покраской и мелированием волос, делая все красиво и аккуратно. И к ней хочется прийти не только, чтобы подстричься, но и чтобы поговорить, поделиться сокровенным, как с человеком, который может выслушать, понять, что-то посоветовать и, просто, ободрить.

Вместе с Анной Павловной в салоне красоты трудятся не менее талантливые и способные мастера маникюра Марта Абдрахманова и бровист Анастасия Семко.

Анастасия также обладает «золотыми» руками и, хоть ее профессия – она окончила технический вуз, не связана с профессией красоты, она дарит своим трудом людям радость. И у нее все легко получается.

В свое время Анастасия окончила в городе Таразе базовые курсы и получила сертификат на работу по всем видам перманентного макияжа, бровей (покраска, растушевка), глаз (стрелки и межресничное пространство), губ (контур и полное заполнение). И все эти выше перечисленные услуги она проводит на высоком профессиональном уровне. К ней на коррекцию бровей приходят многие,

их привлекает то, что мастер делает свою работу не спеша, аккуратно, точно, удаляя волоски восточным методом, с помощью нити и, уже затем, поправляет пинцетом. Брови получаются красивыми, ровными, обворожительными.

Кроме того, в салоне имеется современное американское оборудование, на котором бровист Анастасия



выполняет перманентный макияж, или как его еще называют, татуаж бровей, глаз, губ и всю это делает безболезненно. При его выполнении используются одноразовые инструменты.

Сегодня перманентный макияж становится все более популярным, поскольку все больше преуспевающих представительниц прекрасного пола хотят подчеркнуть свою красоту, воспользовавшись этим замечательным способом изменить форму и цвет век, бровей, губ, глаз. Такой макияж радует своих обладательниц и не стирается. С его помощью можно добавить выразительность внешности и скрыть явные недостатки. Это прекрасное решение для деловых

женщин сэкономить свое время. С помощью данной процедуры Анастасия Семко устраняет у своих клиенток асимметрию губ, выразительно подводит их и корректирует брови.

При выполнении перманентного макияжа она использует качественные анестезирующие средства и подготавливает клиента психологически. Перед нанесением татуажа предлагает своим клиенткам подходящую им форму и цвет, прислушивается к любым пожеланиям, дает рекомендации по уходу после татуажа.

Маникюр – это крайне необходимая деталь имиджа в образе современной женщины, поскольку он

подчеркивает индивидуальность и яркий стиль своей хозяйки. Потому, и о ручках своих клиенток в салоне «Сұлушаш» заботятся, предлагая услуги по высококачественному маникюру, наращиванию ногтей, дизайну, гелевому покрытию и все услуги проводят по доступным ценам.

Создание нового образа для мастеров салона красоты – увлекательное занятие, которое приносит им огромное удовлетворение и радость от сознания того, что они могут творить и изменять мир к лучшему, и они это делают с большим удовольствием, делая своих клиентов красивыми.

ЖРВИ МЕН ТҰМАУДЫҢ АЛДЫН АЛҒАН ЖӨН

Қазақстанда ЖРВИ және тұмаумен сырқаттанудың көтерілуі алдыңғы эпидемиялық маусымдарды талдау бойынша қаңтардың аяғына және ақпанның басына келеді, кейіннен мамыр айында сырқаттану бірлі-жарым жағдайларға дейін азаяды.

Маман кеңесі

Биылғы эпидемиологиялық маусымды өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда сырқаттанудың 20%-ға төмендегені байқалады.

Ауырған адамдардың негізгі үлесі 14 жасқа дейінгі балаларға келеді және ол жалпы сырқаттанудың 70%-ын құрайды.

Ағымдағы эпидмаусымда облыс бойынша тұмаудан болған өлім жағдайы тіркелген жоқ.

Зерттеу нәтижелері бойынша тұмау штаммдарының адамдарға тұрақтылығы және тамифлю мен реленз сияқты вирусқа қарсы препараттарға сезімталдығы сақталғаны анықталды.

Маусымның басында болжанғандай, республиканың аумағында А (H1N1), А (H3N2) және В тұмау вирустары айналымда.

Алдыңғы жылдардағы сияқты ҚР аумағында парагрипп, респираторлық-синцициалды инфекция, риновирустық және аденовирустық инфекция сияқты тұмауға жатпайтын инфекциялар айналымда жүр.

Тұмаудың алдын алудың барынша тиімді әдісі вакцинация болып табылады. Тұмаудан екені эпидемиялық маусымның алдында қазан-қараша айларында алу қажет.

Барлығы республика бойынша тұмауға қарсы 1 млн. 700 мыңнан астам адам егілді (халықтың жалпы санының 10,0 %-ы), оның ішінде, Жамбыл облысы бойынша 70 мыңнан астам адам, ал аудан бойынша 6 мыңнан астам адам егілді. Екпе жұмыстары жергілікті бюджет қаражатынан, жұмыс берушілер есебінен және ақылы клиникаларда жасалынды. Тұмауға қарсы екпені созылмалы өкпе, жүрек-қан тамыры ауруларымен ауыратын, иммун жетіспеушілігі, өлсіз және жиі ауыратын балалар, медицина түзетуші препараттар (анаферон, интерферон, виферон, интерферон индукторы), вирусқа қарсы жақпамайлар (оксалин, антивир және басқалары), поливитаминдер қолданылады.

Вакцинациядан басқа тұмаудан қорғандың тағы бір тәсілі бар – ол ерекше емес профилактика.

Ерекше емес профилактика организмнің өзінің қорғаныш күштерін нығайтуға бағытталған және вакцинациялаумен бір уақытта жүргізуге болады. Ерекше емес профилактика ретінде иммундық түзетуші препараттар (анаферон, интерферон, виферон, интерферон индукторы), вирусқа қарсы жақпамайлар (оксалин, антивир және басқалары), поливитаминдер қолданылады.

Профилактика әдістерінің бірі науқас адамдармен қарым-қатынасты шектеу болып табылады, адамдар көп жиналатын жерлерге бармау, маусымға сәйкес киіну қажет.

Халық көп жиналатын жерлерде, сондай-ақ, науқасқа күтім жасаған

кезінде науқас адам да, дені сау адам да бетперде киюі керек.

Науқас үйде болғанда оны оқшаулап белмені жиі желдету және барлық беттерді сүртіп, ылғалды жинау жүргізіп, науқасқа жеке ыдыс бөліп, оны тұрақты түрде өңдеу керек.

Тұмау профилактикасының маңызды әдістерінің бірі, әсіресе, ауырған кезінде немесе науқасқа күтім жасағанда қолды сабынмен немесе дезинфекциялық сулықтарды пайдаланып жиі жуу болып табылады.

Арнайы бақылау адам қолының күнделікті мұрын мен көздің бөліңдісімен, сілекеймен 300 ретке дейін жанағанын көрсетті.

Иммунитетті көтеретін профилактиканың қолжетімді әдістерін де пайдалану туралы ұмытпау керек (пияз, сарымсақ сияқты табиғи фитонцидтер, шөптер, қарақат, итмұрын қайнатпаларын көп ішу, құрамында С витамині бар ашытқан қырыққабат, цитрус өнімдері сияқты өнімдерді қолдану, сондай-ақ, белокқа бай өнімдерді қолдану).

Тамақты салқын сумен шаюдан бастап контрастылы себезгі мен бассейнді пайдалануға дейін организмді шынықтыру қажет.

Тұмау өзінің асқынуларымен қауіпті, сондықтан респираторлық аурулардың бірінші белгілері пайда болған кезде өзін-өзі емдеумен айналыспай, тез арада дәрігерге бару керек.

С.ЖЕТПІСБАЕВА,

Меркі аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының эпид қадағалау бөлімінің басшысы.

ДОС ҚАДІРІ – БӘРІНЕН БИІК

Мерейлі жасқа толу – адам өмірінің белгілі бір белестерінің бірі. Ол ердің жасы – елуден бастап, ерекше аталып өтеді. Бұл бұрыннан бізге үлгі болып, елуге келсем, ағайын-туысты, дос жаранымды, құда-жекжаттарымды шақырып, өз дәрежесінде атап өтсем деген арман кешегі Советтік дәуірде мықтап орын алған жай еді. Үкіметтік награда да осы елуге келгенде ғана ерекше аталып берілетін. Содан соң 60, 70, 75, 80 – тағы-тағы қуаныш тойлары болатын.

Міне, осы мерейлі жастың 75-іне кешегі жас, бүгінгі ұлағатты көріе, үлкен ата атанған, зейнеткер Қасидан Бұрханалыұлы да толып отыр. Оның осы жасқа аман-есен, өзінің ерен еңбегінің арқасында абыроймен жетіп отырғанына балалары үлкен той жасап, қуаныштарын сыйласа, сырлас жақындарымен, замандастарымен бірге атап өтуді ұйымдастырып, өкесінің мерейін үстем етіп отыр.

Бүгін біз той иесіне мерейлі 75 жасың құтты, өмірің ұзақ болсын. Бала-шағаңның, немере-шөберелеріңнің, ағайын-туысыңның, жекжат-жұраттарың мен құдаларыңның ортасында абыройлы болып жүре бер, –демекпіз.

Адам баласы өз өмірінде өзімен құрдас, мінезлес, сыйлас, пікірлес, адамдармен жолдас, дос болып жататындығы бар. Міне, мен де осы бір мінезі жайлы, адами қасиеті тамаша, өте іскер де, ұйымдастырушылық қабілеті зор, сыйласуға да, сырласуға да өте берік Қасиданмен сонау 1970 жылдан бері, 45 жылдай, жолдастық та достық қарым-қатынастамын.

Та ны с т ы ғ ы м ы з «Жаңатұрмыс» колхозына менің партия ұйымының секретары болып сайлануымнан бастау алды. Қасидан сол ауылдың тумасы, шаруашылықтың бас прорабы екен. Қызмет бабымен тез араласып, сыйласып кеттік. Оның басы – Қасиданның өкесі Бұрханалы көриенің көпті көрген әрі өте бір сұңғыла адам екендігінен, мені, 30 жастағы жаңадан ауылға келген парторгты, жас демей, қадірлеп, қонаққа шақырып, танысуынан басталған-ды. Сондағы: «Қарағым Қамбар, орның құтты болсын деп құттықтап, содан соң маған менің мына Қасиданым –



менің жалғызым, сол себепті де өте ерке өсті, бетінен қақпадық. Ауылға басшы боп келіпсің, екеуің қатар екенсіңдер, бір-біріңді қолдап, қорғап, жақсы жұмыс істендер. Қазақ айтқан: «Атың барда желіп жүріп жер таны, асың барда беріп жүріп ел таны» – деген. Сенің атың – мына қызметің. Қызмет бабында бүгін осындасың, ертең басқа жерге ауысасың, сонда барған жеріңнен өзіңе сені қадірлейтін, өзіндей сенетін достар тапсаң, сен ертең беделді де, абыройлы боласың, досы көп адам ешқашан жаман болмайды. Әлбетте, досты таңдай білу керек, әрі достықтың қадіріне жете білу керек. Шырақтарым екеуің дос болып, жақсы жұмыс істендер, – деген сөздері күні бүгінге дейін менің есімнен шықпайды.

Иә, ата сөзін тыңдап, жаңадан қызметке келген жердегі ең алғашқы араласқан жолдасымы осы Қасидан болды. Оның жұбайы – Мәрия, бірақ оны бөріміз Мәйко дейміз, жақсы араласып, жолдастық достыққа, арты өте жақын жанашыр жекжаттыққа ұласып кетті. Отбасы сыйластығы бізді өте тату-тәтті байланысқа, біріміздің қуанышымыздың бірімізсіз өтпейтін үлкен сыйластыққа жеткізді. Мен жоғарыда атап өткенімдей,

Қасиданның маған ұнаған ең бір үлкен қасиеті достыққа адалдығы, тапсырылған жұмысқа деген үлкен жауапкершілігі мен екінің бірінде кездесе бермейтін тамаша ұйымдастырушылық қабілеті еді. Сондықтан да біздер, міне, елу жылға жуық отбасымызбен, бала-шағамызбен араласып, сыйласып келеміз.

1975 жылы ауданға басқа қызметке ауысып кеттім. Қасидан да басқа ауданға қызмет бабымен ауысты. Сонда да сыйласуымыз үзілген жоқ, бұрынғыдай жиі болмаса да араласып жүрдік. Екі дос 1998 жылы, Меркі ауданында жолығып, мен аудандық мекемеде (райсобесте) бастық, ол аудандық жол құрылысы бөлімінде мастер болып істеп жүргенде қайта қауыштық. Сөйтіп, күні бүгінге дейін екеуіміздің достығымыз, сыйластығымыз жалғасып келеді.

Сол бір жігіт шағымда тапқан досым Қасидан Бұрханалыұлы бүгін мерейлі де мерекелі 75 жасқа келіп отыр. Кешегінің жасы болса, бүгінгінің басы болып, ардақты абыз ақсақал ел сыйлайтын, жұрт тыңдайтын ауданымыздың сөзі мен ісі үлгілі дара да дана көриесі болып отыр. Иә, Қасидан өзінің өсіріп отырған 3 ұл, 3 қызының, 18 немере, 12 шөбересінің үлкен атасы – асқар тауы болса, асыл әжесі Мәрия да шынар бәйтерегі боп тамаша ғұмыр кешуде. Үлгілі отбасының өмір жолы көпке де, жастарға да үлгі боларлықтай.

Қасидан ұлағатты үлкен жасқа келдім деп үйде отырып қалмай, бүгінде Мәрия екеуі «Бұрханалы ата» шаруа қожалығын құрып, мал өсіріп, егін салып, Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің өсіп-өркендеуіне өзіндік үлесін қосып жүрген жандар. Мәрия аудандық әжелер ансамблінің белді мүшесі болса, Қасидан аудандық ардагерлер кеңесінің Пленум мүшесі. Жастар арасында отансүйгіштік пен патриоттық тәрбие беруге араласып жүрген ардақты ақсақалдарымыздың бірі.

Бүгінгі осынау қуанышты да мерейлі мерекелі күні ардагер абыз ақсақалымыз Қасиданға тағы да 75 жасың құтты болсын, аман бол, жұбайың екеуің ұл-қыздарың мен немере-шөберелеріңнің қызығын көре бер, – деген игі тілегімізді жолдаймыз.

Қамбарбек ИМАНАЛИЕВ, зейнеткер, Меркі және Т.Рысқұлов аудандарының «Құрметті азаматы».

Бәрекелді!

21 тамыз – Спорт күні. «Спорт – денсаулық кепілі», – деп тегін айтылмаса керек. Осындай спортшылар мерекесі қарсаңында көптеген жарыстарда жүлделі орындарды иеленіп жүрген біздің құсбегілеріміз тағы жеңістің тұғырынан көрінді.

ТАҒЫ ДА ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

Атап айтсақ, 2016 жылдың 4-6 тамызы күндері аралығында Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз қаласында қазақтың хас батыры Шыңқожа Базарқұлұлының кесенесі ашылуы салтанатына арналған ұлттық спорт түрлерінен ашық Республикалық турнир өтті. Осы Республикалық турнирге біздің №18 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің құсбегі жаттықтырушысы Жалғас Әкімбеков пен спортшылар Шәкір Нұрбек және Жалғас Серікболсын

болатын. Алайда, тартысты өткен жарыстың қорытындысында Жалғас Әкімбеков қана өзгелерден озық шығып, жүлделі II орыннан көрініп, бізді тағы да бір қуантты. Ол осы жарыста да «Қоңырдолы» бүркітімен үлкен сыннан сүрінбей өтіп, талантын таныта білді.

Сонымен қатар, жеңімпаз құсбегілеріміз Астана қаласында өткен ұлттық спорт, оның ішінде, «Саят бөлімі» бүркітші Күнтуған Тоқтыбайұлын еске алуға арналған Республикалық турнирде



Құсбегі жаттықтырушысы Жалғас Әкімбеков (ортада) жарыстан соң құсбегілермен бірге

қатысып қайтты. Қаршығалар жарысында Жалғас Серікболсын жүлделі 1-орынды және «Жамбы ату» жарысында 2-орынды иеленіп, жеңіспен оралды.

Сондай-ақ, құсбегілеріміздің мақтанышпен айтар жеңістері де жетерлік. Атап айтсақ, биылғы жылдың басында Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданында өткен Қазақстан Республикасының ересектер арасындағы Бүркітшілердің Х чемпионатына да қатысып, қаршығалар арасындағы чемпионатта ауданымыздың атын асқақтатып, «Қанжар» атты қаршығасымен Бабажан Бағдаулет 1-орынды жеңіп алып, қанжығасын майлап қайтқан болатын.

Үнемі биік тұғырдан көрініп, биік белестерді бағындырып жүрген құсбегілеріміз Ақмола облысы, Бұрабай қаласында өткен, еліміздің 5 облысынан 18 бүркітші қатысқан ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Қанат Ахметов атындағы құсбегілердің республикалық турнирінде де өзара бақ сынасып, бұл аламаннан жамбылдық құсбегілер де шет қалмай, облыс атынан бес бүркітшіміз өнер көрсеткен

Қазақстан Республикасының 9 облысы және Астана қаласы командаларынан барлығы 18 бүркіт қатысқан дүбірлі додада №18 БЖСМ жаттықтырушысы, құсбегі Әкімбеков Жалғастың спортшы-шұғылданушысы Бабажан Бағдаулет «Қапсалған» атты бүркітімен жүлделі 1-орынды иеленіп, биік белестерді бағындырды.

Киелі Меркіміздің мерейін тасытып, жүлделі орындарды иеленіп жүрген, мақтауға тұрарлық, ата-бабамыздан келе жатқан дәстүр-салтымызды жалғастырып, 10 баланы құсбегілікке үйретіп, тәлім-тәрбие беріп жүрген құсбегі-жаттықтырушы, атына заты сай Жалғас Әкімбеков «Алтын тұғыр» және ең үздік «Бүркітші» атағының иегері.

Осындай бізге мұра болып қалған дәстүр-салтымызды еліміздің болашағы – жастарға үйретуден жалықпай, еңбектеніп жүрген Жалғастың еңбегіне жеміс тілеп, қанатың талмай, тек қана биік белестерді бағындыр демекпіз!

Ж.ЕРДАЛИЕВ, №18 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі директорының орынбасары.

Кино-концерт

Аққу-қаз әуелейді қалықтаған, Қайтейін қанатым жоқ қалып барам.

Жүрегім құс боп ұшып кетті-ау бірге,

Жылатып жалғыз қалай алып қалам.

Ризамын бұл өмірге келгеніме,

Азды-көпті қызықты көргеніме.

Бұл жалғанның түбіне жеткен бар ма?

Тәубе қылдым Тәңірдің бергеніне – деген өлең жолымен басталған кино-концертті Кеңес ауылындағы жас бүлдіршіндер, ауыл жастары және ауыл тұрғындары тамашалады.

Өмірдің өзі – кино. Сонау балалықтан балғын шаққа, одан болашаққа жетелейтін өтпелі өмірді көз алдынан киноның лентасындай өткізсе, дайын кино болады емес пе?! Мәдениет қызметкерлері ұйымдастырған кино-концерт өмірді мәнді де, сәнді де ететін сезім, алғашқы махаббат екенін білдіріп, XX ғасырдың үздік киносы «Титаник» фильмінен үзінді көрсетіп, халықтың қошеметін бір жинаса, қазақ киносы «Гауһартас» фильмін көрсетіп, көпшілікті бір сергітіп тастады.

ӨМІРДІҢ ӨЗІ – КИНО

Өткен аптада ауданымыздан шалғай жатқан Кеңес ауылдық округінде аудандық Мәдениет үйі қызметкерлері және ауылдық мәдениет үйі меңгерушісінің ұйымдастыруымен «Айхай, дүние...» атты кино-концерт өтті. Кино-концерт басталмас бұрын, ауыл тұрғындарына «Менің күнәлі періштем» атты фильм көрсетіліп, «Аққу» биімен (суретте) жалғасын тапты.

Расул МАЛЛАБАЕВ, (суреттер автордікі), "Меркі тынысы".



Махаббат – адам жанының асыл қасиеті, асқақ мұраты, таным тұғыры, риясыз, ынтық, нәзік сезімі. Батыстық философия тарихында: Эмпедокл өзінің космология ілімінде «Махаббат бүкіл әлемді ұйымдастырып тұрған бастапқы күш» – деген. Иә, махаббат

сөзіне сансыз анықтамалар айтып, түсіндірмелер берсе де аз болмайды. Себебі, ол – шетсіз, шексіз сезім. Махаббат – өзіңді ғана емес, ең алдымен өзгені сүю, қарапайым тілмен айтсақ, жақсы көру, ұнату. Жаны ашу, мейірбандық, жақсылық

істеу, қамқорлық көрсету осыдан шығады. Көкірегін махаббат жайлаған адам – қашанда қайырымдылықпен, әділдікпен, адалдықпен ауылдас отыруға тырысады. Қалай алып қарасақ та, махаббаттың орны орасан екені көрінеді.

Махаббат неден басталады? Ол – достықтан, өзара түсінушіліктен,

дәлірек айтсақ, барлық ауылдық округтердегі мәдениет үйлері және клуб меңгерушілері «Кавказ тұтқыны» фильміне пародия жасап, халықтың көңілін көтеріп тастады (суретте).


Келесі кезекті алған айтыс нөмірінде, жас өнерпаздар халыққа арнайы дайындалған айтыс өнерімен қатар, «Қыз Жібек» фильмін ұсынды.



жалпы мақсаттардан, қызықтардан, ұмтылыстардан басталады. Ал махаббаттан не басталады? Махаббаттан барлығы басталады: өмір, жұмыс, арман, өнер, батырлық. Сондықтан, махаббат – ең жақсы өмір жағы. Осыны мақсат еткен өнерпаздар,

Концерт барысында әншілеріміз өн шырқап, кешімізді одан сайын жандандырып жіберді.

Осылайша, көңілді концерт көпшіліктің көңіліне ой қондырып, концерт соңында көңілді тарқасты.



*Спорт -
денсаулық кепілі*

*О спорт,
ты - мир!*

«Басты байлық – денсаулық» – десек, ал спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтын сақтаудың денсаулыққа пайдасы зор екені баршаға мәлім. Жас жеткіншектерді спортқа баулу мақсатында мектебімізде әртүрлі үйірмелер ашылып, қарқынды жұмыс атқаруда.

ЖАС СПОРТШЫЛАРЫМЫЗ БИІК БЕЛЕСТЕРДІ БАҒЫНДЫРУДА

Бүгінгі таңда №16 балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде (директоры Ж.Сейітқұлов) спортпен шұғылданушы оқушылар саны негізгі топта – 368, қосалқы топта – 107. Спорт мектебінде спорттың 7 түрінен 17 жаттықтырушы жұмыс істейді. Олардың 18-і арнайы жоғары білімді, 1-уі арнайы орта білімді.

Мектептегі спорт түрлері: еркін күрес, қазақ күресі, дзю-до, футбол, волейбол, тоғызқұмалақ, асық ату.

Еркін күреспен Жамбыл ауылы қамтылған. Қазақ күресімен қамтылған – Андас батыр ауылы, Дзю-до күресінен – Андас-батыр, Тілеміс батыр, футболдан – Меркі ауылы, тоғызқұмалақтан – Сұрат ауылы, волейболдан – Ойтал ауылы, асық атудан

Тоғызқұмалақ бөлімі бойынша 2016 жылдың наурыз айында оқушылар Б.Тоқтахан, Н.Сейтжапар, С.Әкімхан, А.Қали ересектер арасында Жамбыл облысының біріншілігінде жеңімпаз атанып, ҚР спорт шеберлігіне үміткер атағы нормативін орындады.

Жамбыл облысының 1999-2000 жылы туылған жасөспірімдер арасындағы «Ауыл жасөспірімдері» спорттық ойындарында мектеп тарапынан спорттың 6 түрінен қатысқан балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің командасы волейболдан қыздар I орынды, ұлдар IV орынды, дзюдодан IV орынды, еркін күрестен IV орынды, тоғызқұмалақтан IV орынды, асық атудан III орынды қанжығаларына байлап қайтты.

2015 жылы облыстық біріншіліктер мен чемпионаттарға 362 оқушы-спортшы қатысып, 59 оқушы жеңімпаздар мен жүлдегерлер қатарынан көрінді.



№16 БЖСМ директоры Ж.Сейітқұлов жас спортшылармен бірге

– Жамбыл ауылы қамтылған.

2015 жылы мектеп спортшылары аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі спорттық жарыстарға қатысып, өте жақсы көрсеткіштерге ие болды. 2015 жылдың қараша айында еркін күрестен Шымкент қаласында өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында Эльбин Клышов күміс жүлдегер атанды.

Еркін күрестен 2000-2002 жылдары туылған жасөспірімдер арасында Қостанай қаласында П.Матушақты еске алуға арналған VII Республикалық турнирде А.Разматов, А.Гулиев, Ә.Клышов жарыс жеңімпаздары атанса, ал Ә.Майсуп пен А.Майсуп жарыстың жүлдегерлері атанды.

Қазақ күресінен 2016 жылдың 22-29 наурыз аралығында Көкшетау қаласында өткен ҚР чемпионатында мектеп оқушысы С.Дулатова III орынды жеңіп алды. Ал, футбол бөлімі бойынша мектеп оқушылары С.Музапаров, Н.Тұрлығұлов, И.Уршанов Тараз футбол клубының қосалқы тобына қабылданды.

2016 жылы Тайванда өткен еркін күрестен кадеттер Азия біріншілігінде Шайыр Шабанов 2-орынды иеленді.

Ал, дзю-до күресінен Көкшетау қаласында жасөспірімдер арасында өткен ҚР біріншілігінде Сымбат Дулатова 3-орынды жеңіп алды.

Енді 1-4 қыркүйек аралығында Францияда өтетін еркін күрестен жастар арасындағы әлем біріншілігіне Ілияс Жұмай қатыспақшы. Ілиясқа сол жарыстан жеңіспен оралуын тілейміз.

Ендеше, спортпен шұғылданып, биік белестерді бағындырып жүрген жас жеткіншектерімізге алда да тек сәттіліктер тілеп, жеңіс жалауын желбірете беріңдер, – демекпіз.

**Нұралы ОМАРОВ,
№16 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі директорының орынбасары.**



21 августа – День спорта

СПОРТ – КЛЮЧ К ЗДОРОВОЙ НАЦИИ

Важнейшим фактором развития массового спорта среди казахстанцев, объединенных общей идеей, является личная поддержка спорта со стороны Главы государства.

Ольга МАЗУР, «Меркі тынысы».



Президент страны Нурсултан Абишевич Назарбаев в своем Послании «Стратегия «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоявшегося государства» особо отметил: «Массовый спорт и спорт высших достижений требуют комплексного системного подхода, ведь только здоровая нация может быть конкурентоспособной».

Исходя из этого, одним из основных приоритетов государственной политики страны является развитие массовой физической культуры и спорта.

И, конечно же, спорт становится средством воспитания для подрастающих поколений тогда, когда он – любимое занятие. В детско-юношеских спортивных школах района делается все возможное, чтобы увлечь детей и подростков спортом, отвлечь их от улицы полезным делом. Так, в ДЮСШ №18, руководит которой Дулат Маратулы, занимается много талантливых ребят, с которыми работают опытные, любящие спорт и свою профессию тренеры, всего 19. Школьники с увлечением записываются и посещают секции по вольной борьбе, в которой преподают такие мастера своего дела, как: Н.Абаев, Ж.Мехтубаев, Б.Утеев, казакша күрес, тренеры Р.Алжанбаев, Е.Алданов, С.Нурмаханбетов, тоғызқұмалақ – Н.Калманбетов, кустеги – Ж.Акимбеков, волейбол – Ә.Молдабаев, Д.Муратулы, М.Суюндиков, легкая атлетика – А.Телегин, молодой специалист, чемпион Казахстана Д.Иванчуков, воспитанник которого Р.Таиров также стал чемпионом Казахстана на дистанции 2000 метров с барьерами, Н.Акатаев, Е.Банникова. С большим интересом посещают ребята армрестлинг, который ведут А.Садыков, Н.Томатаев, М.Ахатаев. Пользуются большой популярностью и шахматы, игре в которые воспитанников обучает Б.Алыбаев. ДЮСШ №18 посещает 484 воспитанника, с 7 до 17 лет, и всем им опытные тренеры прививают любовь к спорту, стремление быть первыми, желание побеждать. Есть у школы немало больших достижений. Так, юная шахматистка Н.Шекербек заняла второе место в чемпионате по Республике, Д.Сулейманова второе место в детском кубке Казахстана. Юный спортсмен, занимающийся кустеги, С.Жалғас в республиканском турнире, посвященном открытию в городе Аягоз, в Восточном Казахстане, памятник батыру Шыңкоже Базарқулы, среди беркутчи, выступающих с ястребом, занял первое место. В этом же турнире, в соревнованиях по стрельбе из лука второе призовое место. И таких достижений здесь очень много.

В преддверии профессионального праздника – Дня спорта, в ДЮСШ №18 было проведено торжественное собрание, на которое были приглашены заслуженные ветераны школы В.Бондаренко, Н.Луценко, лучшие тренеры были награждены Почетными грамотами.

ДЮСШ по боксу №17 действует с 2003 года. Инициатором открытия этой школы был Гани Жексенович Ашкеев,

который вот уже много лет, начиная с открытия, руководит этой детско-юношеской спортивной школой. За плечами Гани Ашкеева большое спортивное прошлое. Боксом он стал заниматься с 10 лет, являлся чемпионом центрального Совета «Динамо», чемпионом СССР, в 1987 году он выполнил норматив мастера спорта, многократно побеждал на международных турнирах, в 2000 году успешно боксировал в Таиланде за два-



ние чемпиона Азии, является чемпионом Казахстана. Пошел по стопам Гани Ашкеева и его сын, воспитанник ДЮСШ по боксу №17, Б.Жексен. В 2015 году в г. Степногорске, где он стал победителем, ему было присвоено звание лучшего боксера. Кроме того, Б.Жексен стал победителем чемпионата Казахстана в городе Уральске, призером международных турниров в г.Баку, в Азербайджане, г.Тбилиси, в Грузии, в составе сборной Казахстана соревновался в международных спортивных играх «Дети Азии», в которых участвовало 38 стран мира, проходивших в городе Якутске Республики Саха Российской Федерации.

Всего в ДЮСШ по боксу №17 работает 10 тренеров по боксу, посещает занятия около 300 юных боксеров, для которых борьба за победу, здоровый образ жизни – главные правила успеха, будущих спортивных побед и достижений. При ДЮСШ по боксу №17 имеется оборудованный всем необходимым зал, где воспитанники и занимаются с удовольствием с такими опытными тренерами, профессионалами как А.Алиев, Б.Шимырбай и др.

Также юные спортсмены с удовольствием посещают спортивные залы, где проводятся тренировки, в с.Татты, здесь их тренирует М.Ниязалиев. Два его ученика сегодня являются воспитанниками спортивного интерната «Шанырақ» в г. Алматы. Активно посещают ребята занятия по боксу в с. Андас-батыра, где с ними занимается тренер школы Ф.Ибишев, в с. Сұрат, тренер Т.Сейтказиев, секцию, которая действует в спортзале бывшей школы-интерна-

та им. Саввы, здесь занятия с ребятами по боксу проводят тренеры А.Гирда и Е.Койлыков, в с. Актоган – Б.Шымырбай, в с. Акарал – М.Акатаев. Гордятся педагогами ДЮСШ по боксу №17 и своими талантливыми боксерами, такими как: кандидат в мастера спорта Е.Бадамбай, серебряный призер международных спортивных игр «Дети Азии» Б.Жексен, кандидаты в мастера спорта, чемпионы Казахстана Е.Салахов, К.Алиев, М.Кылшабай победитель многих международных чемпионатов РК Д.Кадырали и др., которые занимаясь спортом, остаются верны словам о том, что: «Бокс – это жизнь, а большой бокс – это большая жизнь».

Любят спорт и посвящают ему все свое свободное время воспитанники ДЮСШ №16, руководит которой человек, много лет своей жизни посвятивший спорту, Ж.Сейтқұлов. В работе ему помогает заместитель директора по учебной части и верный помощник Н.Омаров. С ними в одной команде трудится 17 тренеров, которые готовят юные спортивные дарования, прививая им жажду к спорту.

Занимается в этой детско-юношеской спортивной школе 368 детей в основной группе и 107 в резервной, они посещают такие спортивные секции, как: футбол, тренеры М.Абдразаков, К.Омаров, Д.Тоқтамуратов, волейбол, тренер К.Рысбаев, дзюдо – Ж.Сатыбалдиева, Б.Жетписбаев, Б.Жанбосынов, казакша күрес – М.Абдыкасымов, А.Кожамкулов, вольная борьба – Е.Амангазыулы, Д.Бегалиев, М.Сексенбаев, К.Отарбаев,

тоғызқұмалақ – А.Иманалиев, Е.Байназаров, асық ату – Н.Омаров. И, конечно же, они воспитали немало талантливых юных спортсменов, которые достигли больших спортивных побед, так Ш.Шабанов принимал участие в чемпионате Азии среди кадетов по вольной борьбе в весовой категории 42 кг., проходившем в Тайване, где занял второе призовое место, С.Дулатова заняла второе место на чемпионате Республики Казахстан, проходившем в городе Кокшетау. И.Джумаи в сентябре месяце т.г. будет принимать участие на чемпионате мира по вольной борьбе во Франции.

Сегодня можно с уверенностью сказать, что развитие спорта, формирование здорового образа жизни стали важной государственной задачей.

На страницах районной газеты «Меркі тынысы» от всей души поздравляем спортсменов, тренеров, учителей физкультуры, сотрудников спортивных учреждений и всех, кому не безразличен спорт, с профессиональным праздником – Днем спорта.

На снимках: коллектив ДЮСШ №18 во время празднования Дня спорта; директор ДЮСШ по боксу №17 Г.Ашкеев с воспитанниками.

ҚҰНДЫЛЫҚ. ОТБАСЫ. АНА.

Соңғы кездері қазақ мәдениеті мен болмысын анықтайтын құндылықтар туралы көп толғанатын болдық. Ұлттық, діни құндылықтар негізі – мәдениет деген болмыстық қабаттардың негізгі желісі, асыл арнасы. Жалпы бүгін, аксиологиялық таным теорияларына қарап салыстырып қарасаңыз, мәдениет қабаттары қайта түсіндіріліп жатыр. Құндылық егер өзінің тұтынушысы тарапынан керексіз болса, оның құны да, мәні де жоқ. Енді осы қабаттарды керегіне жарататын – қоғам, отбасы, мемлекет, адам.

Бұлардың барлығы саяси институттар. Саяси институт дегеніміз – белгілі құқықтық нормалар арқылы басқарылатын құбылыс деген сөз. Осы саяси институт нормаларының тегін құндылықтарсыз елестету мүмкін емес. Саяси институт пен құндылықтар арасын жалғайтын көпір – ол әрқашанда адам. Сондықтан да бүгінгі ең басты мәселе – адам мәселесі. Ол адам санасының өзінің танымдық қуаттарымен үндестік пен үйлесімдік проблемасы. Яғни, бүгінгі адамды адам еткен, ұлттық болмыс берген қабаттар мен қуаттар қатынасы арасында сабақтастыққа қарағанда, жаттану бар, дилемма бар. Бұл дилемманың бүгінгі жаһандық жағдайда сыртқы және ішкі себептері көп. Ішкі себептері де қоғам және мемлекеттік институттарға барып тіреледі. Бірақ, бұл жерде айтпағым, қоғамды да, мемлекетті де құрап отырған мәдениет өкілі қазақтардың құндылықтары туралы, оның ішінде, отбасылық қабаттарынан сөз етпекшімін.

Жоғарыда да айтқанымдай, құндылық өз алдына алғанда ол қазына, қор, тәжірибе, таным. Енді оны қажет ететін адамда сол қабаттарды игеруге итермелейтін оған деген байланыс санасы мен жауапкершілік сезімі болуы шарт. Демек, басты проблема орталығы ол қашанда адам болып қала береді деген сөз. Қысқасы қазаққа «қазақы болмысын сақтауға» деген ниет, байланыс қуаты және жауапкершілік керек.

Қазақта «Ата көрген, оқ жонар, Шеше көрген, тон пішер», «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің», «Кішіге – ізет, үлкенге – құрмет», «Атаға не қылсаң, алдыңнан сол келеді», «Туғанында көрмеген, өлгенінде жыламайды», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», «Қызым үйде, қылығы түзде» деген сияқты көптеген өлшемдер бар. Осы өлшемдерге қарап отырсаңыз бар мәселе отбасынан басталады екен. Ұлт тіршілігінде, болашағында отбасы ең басты тұғыр.

Осы тұғыр ата, әже, әке, шеше, аға, іні, әпке, қарындас, жеңге, келін, жезде, күйеу, нағашы, жиен, құда, туыс, туажат, жекжат т.б. болып кете береді. Аталған алғашқы он тұғыры отбасының ішкі қабаты да, қалғаны сыртқы қабаттарын құрайды. «Үй ішінен үй тігу» ол анаға қатысты айтылады. Қыз алып қыз берісуді білдіреді де, отбасы тұғырының сыртқы қабатына меңзейді. Туыстық қатынастың орталығы ол қыз екен. Сонымен отбасының ішкі, сыртқы байланысының негізгі көпірі ол – ана. Сондықтан қыз – өріс деп жатамыз. Ана – отбасында ғана емес, ұлттың, мәдениеттің танымдық, құндылықтық орталық ретінде ең маңызды тұғыр. Сол тұғырға қатысты туған жер, Отан, ошақ, тілге қатысты анықтамалар көп. «Ана тіл», «Жер ана» сияқты. Бұлар мәдениеттің ең басты арнасы: тіл мен атамекен, Отан. Адамның «Мені» осы арнадан бастау алады: Жер бесік отан мен тал бесік анадан. Сондықтан туған жер мен туған ана, адамды адам еткен болмыстық құндылықтардың басында келеді. Сондықтан қазақ «Шешесін көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш» деген ұстанымды жақтаған. Бірақ, қазіргі таңда, жаппай құбылыс болмаса да, ішінара қыздарымыз, өздері бастап, ананың қазақ болмысындағы осы көпір функциясынан бас тартып, басқа діни шаблондарды иектеп, ешкіммен санаспастан, ата-анасы, туған-туысын тәрк етіп, байға шығып, артынан талаққа ұшырап жатыр. Бұл біріншіден, діни таным жаттығынан, екінші қыздың қазақ мәдениет ұясындағы тәрбиесі берік болмаған деген сөз. Ол қыз анасының отбасындағы орнын танымаған, тәрбиесі дұрыс болмаған немесе анасының қызына берер құндылығы болмаған. Сондықтан басты себепті сол отбасынан іздеуге тура келеді. Қыз жат жұрттық болса да, жанашыр, бауырмал, тілеулес деп жатамыз. Ол солай негізі. Бірақ, неге қазір қыздарымыз жанашырлығы, бауырмалдығы, тілеулетігінің орталығы болған отбасы мүшелеріне, туған-туыс, әкешесі, бауырларына туыстық байланысын ұмытып, өзінің қазақ ұлты алдындағы міндетін ысырып қойып, дәстүр-салтын да аттап, басқа жат мінезге, шаблонға өзеурейтін болды. «Қызға қырық үйден тыйым» деген сөз ол бүгін, ұлтқа қырық бөледен, қатерден сақтану деген сөз. Сондықтан ұлттың, қазақ мәдениетінің баяндылығы да, болашағы да қыздарымыз бен аналарымыздың жауапкершілігінде қалып отыр.

Отбасылық құндылықтардың орталығы – ол ана. Алдымен, осы тұғыр туралы ойланғанымыз абзал. «Ел болғыз келсе, бесігіңді түзе», – деп бекер айтылмаған. Ана рухани құндылықтарды ұрпақ бойына сіңірсе, ата сол ұяны сақтаушы, қорғаушы болуы керек еді. Бірақ, кеше Кеңестік кезең ыдырап, жұмыссыздық жайлап, аталарымыз кешегі кеңестік шаблоннан қалған сары суға «сылқып алып, төрде жатқанда», бала-шағаны асырауға поезд аралап қазақтың аналары кетті. Аталар да шығып көріп еді өзара төбелесіп, еркек атаулы қоғам шырқын бұзған соң, «Сен үйде отыра бер, өзім» деп тәуекелді белге буып аналар шыққаны мәлім. Қазақтың қазақтық болмысын қашанда сақтап келе жатқан тұғыр – аналар, қыздар туралы бүгін тағы қайта толғануға тура келді.

Қызын сыйламаған елден, анасын бағаламаған үйден береке кетеді. Береке ол күт деген сөз. Құты қашқан елдің арасында құрмет, бауырластық, сыйластық, махаббат, ізет, иман, ар, намыс, жауапкершілік қайдан болсын. Қызға қамқор, қызға қалқан болу – ол қазақтың басты ұлттық парызы болуы тиіс. Кейде ғаламторда қазақ қыздарын өзара қырқыстырып қойып, оған сықылықтап күліп қарап тұрған қазақ жігіттеріне қарап-ақ, оларда ұлттық намыстың жұғыны қалмағанын көресің.

Дінді қолдағын, тағы сол қазақтың қызын мазақ қылып, тастап кетіп, «жігіттің сөзін» аяқасты еткендерді, онысын тағы да шариғатпен ақтап кетіп жатқан «жігіттерді» естіп, қазаққа келген «жұт жеті ағайында» екен деген ой келеді. Себебі, бұл құбылыстың артында нағандық, білімсіздік, жауапсыздық деп аталатын нәпсіқұмарлық пен ойсыздық жатыр. Азғындықтың шегі болмайды. Бірақ, азғындықтың басы қазақта оның анаға, қызға деген көзқарасы мен таным түсінігінен бастау алады.

Сондықтан, қазақ қыздарына тілегім, сен тілдің де, сен ділдің де, сен ұлттың да, сен құндылықтардың да орталығысың... Өзісің, кешегі аталар жолы тарихтың көзсің, жанпидалық пен ерліктің де негізісің... Сондықтан бүгінгі қазақ қыздары осыларды сақтай алмасаң саған серт, ал сендерді қорғай алмаса жігіттерге серт! Ант ішпекке де амал

Досай КЕНЖЕТАЙ,
философия және теология ғылымдарының докторы, профессор



Құранда: «Уа, адамдар! Шүбесіз, сендерді бір ер мен бір әйелден жараттық. Сондай-ақ, сендерді бір-бірімен танысып, табысуларың (һәм біріңе-біріңе қамқоршы дос болып, өзара жәрдемдесіп, тату-тәтті өмір сүрулерің, әрі жер бетін көркейтулерің) үшін сан алуан ұлыстар мен руларға бөлдік. Біле білсеңдер, Алланың алдындағы ең ардақтыларың – ең тақуаларың (яғни, Аллаға тағзым етуде, иман келтіруде әрі мойынсұнуда ең алда болғандарың)!» («Хужурат» сүресі, 13-аят) деу арқылы адамзат шежіресінің сонау Адам атадан бері жалғасып келе жатқанын көрсетеді.

Аятта айтылғандай, ер мен әйел затынан адамзат ұрпағы өзара неке қидырып, отбасын құру арқылы тіршіліктерін жасап келеді.

Сондай-ақ, ер мен әйел ақ некелерін қидырған сәттен бастап өздеріне үлкен жауапкершілік жүктейді. Ардақты Елші (с.ғ.с) некені өзінің сүннеті ретінде орнатып: «Некелескендеріңде оны жан-жаққа жариялаңдар» – деген хадисі жай ғана келісімді меңземеуді, қайта одан да жоғары жауапкершілікті нұсқайды.

Ақ некесін қидырған жастар

бір-біріне сүйеу һәм қамқор болған жағдайда босағалары берік, іргетасы мығым болмақ. Өзара түсіністікпен, шынайы сеніммен, төзімділік қағидаларын бекем ұстанған берекелі шаңырақтың өзгелерге нағыз үлгі болары сөзсіз.

Ақ неке арқылы шаңырағы нық құрылған отбасы – Алланың адамзатқа берген сыйы, мейірімі. Оны сақтап қалу мүмкіндігі адамзатқа берілген. Себебі, бұл мүмкіндік адам баласын екі дүниеде де бақытқа жеткізеді.

Алайда, кейбір жастарымыз осы мүмкіндікке жеңіл-желпі қарап, өзінің және қоғам алдындағы жауапкершілігін сезбей жатады. Аталмыш ақ некеге жеңіл қараған екі жас, жақындарының рұқсатынсыз өзара некелесе салады. Мұндай жастардың арасында көп ұзамай түсінбеушілік, әлеуметтік жетіспеушілік, жарының көзіне шөп салу, ішімдік, нашақорлық секілді жаман әдеттер орын алса, діни қағидаларды өз еркінше түсінген, яки ниеті бұзық ерлердің жауапкершіліктен жалтару мақсатында «талақ» сөзін емін-еркін үш рет айтып, қаншама қарақөз қарындастарымыздың көз жасына қарамай, тастап кету оқиғалары орын алууда.

Қандай себеп болмасын

ӘР ДӘСТҮРІМІЗДІ «ХАРАМҒА» БАЛАСАҚ, НЕМІЗ ҚАЛАДЫ?

Сәлемдесу – кешегі немесе бүгінгі ғана дәстүріміз емес, ол адамзатқа ортақ қасиет. Сәлемдесудің мәні, ең алдымен, бетпе-бет кездескен адамдардың бір-бірінің кейіп-кескінін тану, болмысын байқау және тілек арқылы өзінің ниетін білдіру. Сондай-ақ, бір-бірінің аман-саулығын сұрасу. Жаратушыға шүкіршілік ету, ниеттерінің ақ екенін білдіру. Мұсылман баласының бір-біріне сәлем беруі – сүннет, қабыл алуы – уәжіп. Себебі, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бір мұсылманның сәлемін алу – уәжіп. Бір мұсылманның кездескен мұсылманға сәлем беруі оның мойнындағы ақысы», – деген (имам Мүслім).

Жалпы, мұсылман баласы кезіккенде «әссәләму алейкум» (Сіздерге Алла Тағаланың бейбітшілігі болсын) деп сәлемдесу арқылы бір-бірінің амандығы мен есендігін, достық һәм бірлігін тілескен. Ардақты Елші (с.ғ.с.) «Сіздер сүйсінетін, оны істеген кезде қуанатын бір нәрсені айтайын ба?» «Өз араларыңда сәлемді жайыңдар, яғни, сәлемдесіңдер!», – деген болатын. (Шарафуддин ад-Димяти, әл-Матжару ар-рабиху фи сауаби әл амал ас салих. Бейрут. 1990. 36-б.).

Сәлемдесу – әдептіліктің білгісі. Әр нәрсенің өзіндік әдебі болғаны секілді қазақтың ұлттық дәстүрінде де сәлемдесудің өзіне тән әдебі бар. Жасы кіші үлкенмен, көліктегі жаяу жүргіншімен, жүріп бара жатқан отырғанмен, аз адам көп адаммен сәлемдескен. Келіндер ата-енесімен, қайын ағаларымен немесе үлкен кісілермен, тізесін сәл бүгіп, басын иіп, ибалық сәлем жасап, ишаратпен амандасқан. Мұның өзі қазақтың ең тамаша моральдық қасиеті болып табылады. Жасы кішінің үлкенге бірінші болып сәлем беруі – үлкенге деген сый-құрметі, көліктегінің жаяуға сәлем беруі – көліктегінің төкәппарлануға жол бермей, оны қарапайымдылық, сыпайылыққа тәрбиелеуі, жүріп келе жатқанның отырғанға сәлем беруі – бөлмеге кіріп келген адамның міндетіндей болуы, келіннің сәлем беруі – ата-енесіне ізеттілік көрсетуі деп түсіндіріледі.

Келіндер ата-енесіне, үлкендерге басын иіп, ибалық сәлем салады демекші, осы тақырып қозғала қалса, кейбір жастарымыз ғаламтор беттерінде иіліп сәлем салу, намаздағы рүкүғқа ұқсайды деп, сәлем салуды ширкке теңеп, шулап кетеді. Егер әрбір иілуді рүкүғқа теңер болсақ, тік тұрып сәлем беру де намаздағы қиямға ұқсағаны ма?

Онда әр қимылымыз ширк пе? Кез келген нәрсенің өзіндік өлшемі бар емес пе? Осы кезге дейін қазақ «келіннің сәлемін ширк» екенін білмей келген бе? Әлде кейінгі кезде ширк бола қалды ма? Халқымыздың әрбір салт-дәстүрін «ширкке», яки «харамға» балайтын болсақ неміз қалады? Шариғатта «келіннің сәлем салуы ширк» деген нақты үкім де жоқ емес пе? Келіннің үлкендерге сәлем салуы қазақтың көнеден жалғасып келе жатқан әдет-ғұрпы емес пе?

Ұлы Жаратушы иеміз адам баласын ең кемел әрі көркем бейнеде жарата отырып, оны сансыз нығметтерге бөлеген. Бұған қоса, сол нығметтердің қадірін түсіндірсін, адамның әрі бүкіл болмыс атаулының жаратылыс мақсаты мен сырларын ұғындырсын деп әр қауымға өз елшілерін жіберіп отырған. Осы орайда пайғамбарлар – адамзатқа әр нәрсенің өзіндік мән-мағынасы мен міндеті бар екенін ұқтыратын төлімі мол ұстаздар. Бізді қоршап тұрған жаратылыстарды танып-біліп, Ұлы құдіретке бас июге шақырушы ардақты асыл тұлғалар да осы пайғамбарлар. Пайғамбарларға иман – Ислам дініндегі иман негіздерінің бірі. Ал, оларға келген ақиқат ортақ. Құранда Меккеде түскен 111 аяттан тұратын Жүсіп пайғамбармен қатысты оқиға баяндалады. Онда «Жүсіп ата-анасын құрметтеп, өзінің тағына отырғызды. Ата-анасынан бастап барлық бауырлары оған тағзым етіп, бас иді. Сонда Жүсіп өкесіне: «Әкей! Бұрын бала күнімде көрген түсімнің жоруы, міне, осы. Раббым сол түсімді расқа шығарды», – деген аят бар («Жүсіп» сүресі 100-аят.).

Тәпсірші ғалымдар аяттағы Жүсіптің ата-анасы мен бауырларының тағзым етіп, бас июін (сәжде етуін) екі тұрғыда жорамалдайды.

шаңырақты сақтау үлкен батырлық. Ал, талақ (ажырасу) Жаратқан Жаппар Иенің адал еткен істерінің ішіндегі ең жағымсызы. Ардақты Елші (с.ғ.с.): «Алла тағалаға адал еткен істің ішіндегі ең жағымсызы – ажырасу» (Әбу Дәуіт, Талақ, 3) деп жөн-жосықсыз ажырасудың дұрыс емес екенін тілге тиек еткен.

Сондай-ақ, неке мәселесіне немқұрайлықпен қарап, онымен қалжыңдасуға да болмайды. Себебі, «үш нәрседе ойнауға болмайды: неке, талақ және құлдықтан азат ету» (Мұхаммед ибн Исмаил ас-Санғани. Субулус сәлем шарх Булуғ әл-марам. Бейрут. 1088 б.), – делінген.

Асыл дініміз ақ некенің жанұя бақыты үшін қашанда баянды болғанын қалайды.

Отбасы бір Отан, һәм қоғамның іргетасы. Отбасында ынтымақ, түсіністік мықты болса, соншалықты қоғам да мықты болары сөзсіз.

Сондықтан да, асыл дініміз отбасына аса көңіл бөлген. Некені екі жұптың қасиетті одағына теңеген. Беріктік һәм сенімділік бастауы ретінде қараған. Әрбір отбасында сезім мен сенім, сыйластық пен шынайылық орын алса елдің қуанышы мен бақыты берік болмақ.

Бірінші жорамал бойынша Жүсіпке құрмет сәлемі ретінде тағзым етілген. Бұл Жүсіп сүресінің «Әкешім! Мен түсімде аспандағы он бір жұлдыздың және Күн мен Айдың маған тағзым жасап, сәжде етіп тұрғанын көрдім», – деген 4-аятын растайды дейді.

Екінші жорамал бойынша Жүсіпке қауышқаны үшін Аллаға шүкір ету мақсатында сәжде жасалған. Аяттағы «олардың маған тағзым жасап, сәжде етіп тұрғанын көрдім» деген аятты «олардың мен үшін тағзым жасап, сәжде етіп тұрғанын көрдім» деп те аударуға болады. Сонда бұл екінші ойды құптайды дейді.

Жүсіп (а.с.) те бұл әмірдің Алладан екенін біліп, шүкір еткен. Бауырларының жасаған әрекеті мен жасаған қастандығына үндемеген. Демек, мұндағы сәжде (тағзым) «құлшылық сәждесі» емес екені аян болып тұр.

Ендеше, шариғатта ерекше саналатын сәлем беруді неге ширкке балаймыз. Сәлемдесудің түпкі мақсаты – адамдардың және жанұяның тату-тәтті, бақытты өмір сүруіне негізделген емес пе?!

Жастарымыздың өзге елдің салтына ергенін, яки асыл дініміздің бұрмаланып, халық арасында бүлік шығуын көздегендер осы секілді мәселелерді күн тәртібіне қойып, қоғамда қарама-қайшылықтардың болғанын қалайды.

«Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» – демекші, әр ел өз дәстүрін өз елінде дәріптегені жөн. Онсыз да халқымыздың алтын қазынасы саналатын ата-дәстүрімізді, салт-санамызды жастардың жадына сіңіре алмай жатқанда әр нәрсені ширк деп жұртты мазаламасын.

Сөз соңы: келіннің сәлем салуын ширкке теңей бермей, Жаратушы Жаббар Иенің сәлем есімімен сәлем беруші сәлем алушының есіне сәлемді салғаны үшін бір дәреже артық сауапқа ие болатынын ұмытпай, бір-бірімізді көргенде сәлем беріп жүрейік, ағайын.

Қалмахан ЕРЖАН,
теология ғылымдарының докторы, «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті Дінтану кафедрасының меңгерушісі.

ЗАКОН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ОТ 16 ЯНВАРЯ 2013 ГОДА №70-V «О ГОСУДАРСТВЕННОЙ ГРАНИЦЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Настоящий Закон регулирует общественные отношения в области защиты Государственной границы Республики Казахстан.

Глава 4. РЕЖИМ В ПУНКТАХ ПРОПУСКА

Статья 31.

Режим в пунктах пропуска

1. Настоящим Законом устанавливается режим в пунктах пропуска -порядок въезда в пункты пропуска, пребывания, передвижения и выезда из них лиц, транспортных средств, ввоза, нахождения, перемещения, вывоза грузов и товаров.

2. Территория пункта пропуска является режимной.

3. Режим в пунктах пропуска должен исключать возможность:

1) незаконного пересечения Государственной границы лицами, транспортными средствами, грузами и товарами;

2) доступа посторонних лиц к закрытым в пунктах пропуска местам, помещениям (объектам), а также транспортным средствам заграничного следования.

4. Контроль режима в пункте пропуска осуществляется Пограничной службой Комитета национальной безопасности Республики Казахстан и заключается в проведении проверочных и иных мероприятий по соблюдению порядка въезда, пребывания, передвижения, выезда лиц и транспортных средств; ввоза, нахождения, перемещения, вывоза грузов и товаров в пункте пропуска.

Статья 32.

Порядок въезда, выезда лиц и транспортных средств, ввоза, вывоза грузов и товаров в пунктах пропуска

1. Въезд, выезд лиц и транспортных средств, ввоз, вывоз грузов и товаров в пунктах пропуска осуществляются в установленных местах при наличии у лиц документов на право въезда в Республику Казахстан или выезда из Республики Казахстан, а также документов на транспортные средства.

2. Въезд в пункты пропуска военнослужащих Пограничной службы Комитета национальной безопасности Республики Казахстан, сотрудников таможенных и иных органов, транспортных организаций, занятых оформлением и обслуживанием лиц, транспортных средств, грузов и товаров, осуществляется по пропускам, выдаваемым:

1) в железнодорожных, автомобильных, морских и речных пунктах пропуска – Пограничной службой Комитета национальной безопасности Республики Казахстан;

2) в авиационных пунктах пропуска – уполномоченным органом в сфере гражданской авиации по согласованию с Пограничной службой Комитета национальной безопасности Республики Казахстан.

3. Разрешительный порядок въезда, выезда в пункты пропуска (на основании специальных пропусков) устанавливается и в отношении служебного транспорта вышеуказанных органов и организаций.

Статья 33.

Порядок пребывания, передвижения лиц и транспортных средств, нахождения и перемещения грузов и товаров в пунктах пропуска

1. Пограничная служба Комитета национальной безопасности Республики Казахстан по согласованию с таможенными и иными органами, а также транспортными организациями, осуществляющими в пределах своей компетенции деятельность в пункте пропуска:

1) определяет схему передвижения лиц и транспортных средств, перемещения грузов и товаров в пункте пропуска, а также порядок передвижения и места стоянок для служебного транспорта;

2) устанавливает порядок допуска в помещения и иные места, где осуществляются пограничный и иные виды контроля, а также на

транспортные средства заграничного следования;

3) вырабатывает меры и обеспечивает контроль за исполнением режима, установленного в пункте пропуска.

2. Места и продолжительность стоянок в пунктах пропуска (кроме автомобильных) транспортных средств заграничного следования определяются администрацией транспортных организаций по согласованию с Пограничной службой Комитета национальной безопасности Республики Казахстан.

3. Транспортные средства заграничного следования начинают движение для убытия с территории пункта пропуска, а равно меняют место стоянки только с разрешения Пограничной службы Комитета национальной безопасности Республики Казахстан.

4. Доступ лиц к транспортным средствам, в том числе заграничного следования, к грузам и товарам, перемещаемым в пунктах пропуска, в период осуществления пограничного и иных видов контроля запрещается.

5. Посадка (высадка) пассажиров в транспортные средства заграничного следования при их убытии или прибытии в пункт пропуска осуществляется с разрешения Пограничной службы Комитета национальной безопасности Республики Казахстан, а погрузка (выгрузка) грузов и товаров производится с разрешения таможенных органов Республики Казахстан по согласованию с Пограничной службой Комитета национальной безопасности Республики Казахстан.

Статья 34.

Досмотр транспортных средств, грузов и товаров

1. Досмотр транспортных средств, грузов и товаров проводится в установленных и специально оборудованных местах (в любое время суток, при необходимости независимо от установленного времени убытия транспортного средства, в том числе и повторно) Пограничной службой Комитета национальной безопасности Республики Казахстан совместно с таможенными органами Республики Казахстан.

2. Досмотр транспортных средств, грузов и товаров на Государственной границе с государствами-членами Таможенного союза осуществляется Пограничной службой Комитета национальной безопасности Республики Казахстан.

3. Опломбированные (опечатанные) вагоны, контейнеры, автомобили, трюмы и иные помещения транспортных средств, а также грузы и товары, на которые оформлены специальные пропуска, вскрываются по требованию Пограничной службы Комитета национальной безопасности Республики Казахстан совместно с таможенными органами Республики Казахстан для досмотра в случаях, если нарушена целостность упаковки, печатей, пломб, а также при наличии признаков укрытия в них посторонних лиц.

Статья 35.

Допуск в пункты пропуска отдельных категорий лиц

1. Сотрудники дипломатических представительств и консульских

учреждений, а также приравненных к ним представительств международных организаций, аккредитованных в Республике Казахстан, допускаются в помещения и иные места в пунктах пропуска, где осуществляются пограничный и иные виды контроля, при наличии пропусков, выдаваемых Министерством иностранных дел Республики Казахстан.

2. Послы иностранных государств в Республике Казахстан допускаются в указанные режимные зоны на основании аккредитационных удостоверений.

3. Военнослужащим Пограничной службы Комитета национальной безопасности Республики Казахстан, сотрудникам таможенных и иных органов, транспортных организаций, имеющим пропуска установленного образца, но не занятым в организации и контроле за службой, а также в смене по оформлению и обслуживанию лиц, транспортных средств, грузов и товаров, находящихся на территории пункта пропуска запрещается.

4. Прибывших в пункты пропуска граждан Республики Казахстан, утративших в период пребывания за границей документы на право въезда на территорию Республики Казахстан, оставляют в добровольном порядке в пунктах пропуска на время, необходимое для установления их личности. Порядок их содержания в пунктах пропуска определяется Комитетом национальной безопасности Республики Казахстан.

5. В случае, когда личность прибывшего в пункт пропуска гражданина Республики Казахстан подтвердить не удалось, он подлежит передаче в органы внутренних дел Республики Казахстан по территориальности.

Органы внутренних дел Республики Казахстан по запросу Пограничной службы Комитета национальной безопасности Республики Казахстан информируют о принятом решении в отношении указанных граждан Республики Казахстан.

Статья 36.

Обязанности таможенных и иных органов, транспортных организаций, осуществляющих деятельность в пунктах пропуска, по вопросам поддержания установленного режима

1. Сотрудники транспортных организаций, участвующих в международных перевозках, в том числе владельцы транспортных средств, обязаны:

1) принимать меры к недопущению проникновения на транспортные средства посторонних лиц, проноса на них посторонних грузов и товаров;

2) при нахождении в пункте пропуска вскрывать по требованию Комитета национальной безопасности Республики Казахстан для досмотра опломбированные (опечатанные) вагоны, контейнеры, автомобили, трюмы и иные помещения транспортных средств, а также грузы и товары. В пунктах пропуска, где имеется подразделение таможенных органов, вскрытие производится в присутствии их представителей;

3) оповещать пассажиров о прибытии в пункт пропуска и предстоящем пограничном контроле, ограничивать передвижение пассажиров по транспортному средству, информировать представителей Комитета национальной безопасности Республики Казахстан о количестве пассажиров и их поведении в пути следования.

2. Руководители таможенных и иных органов, транспортных организаций, осуществляющих деятельность в пункте пропуска, уведомляют Пограничную службу Комитета национальной безопасности Республики Казахстан:

1) о работниках, оставшихся после окончания работы;

2) о лицах, уволенных с работы или отстраненных от исполнения обязанностей в пункте пропуска, с представлением изъятых у них пропусков в течение двадцати четырех часов после их увольнения, перемещения на другую должность или участка работы либо возникновения иных обстоятельств.

Статья 37.

Хозяйственная и иная деятельность в пунктах пропуска

Перечень видов хозяйственной и иной деятельности, осуществляемой в пунктах пропуска, устанавливается Правительством Республики Казахстан.

Статья 38.

Нарушение режима в пунктах пропуска

Несоблюдение установленных в соответствии с настоящим Законом порядка въезда в пункты пропуска, пребывания, передвижения и выезда из них лиц, транспортных средств, ввоза, нахождения, перемещения, вывоза грузов и товаров признается нарушением режима в пунктах пропуска.

Глава 5. ПОГРАНИЧНЫЙ РЕЖИМ

Статья 39. Пограничная зона

1. В пределах территории приграничных административно-территориальных единиц Правительством Республики Казахстан устанавливается пограничная зона, в которой действует пограничный режим, определенный настоящим Законом.

2. Пограничный режим - установленный порядок въезда, временного пребывания, проживания или передвижения, проведения общественно-политических, культурных или иных мероприятий в пограничной зоне.

3. Основным назначением пограничного режима является обеспечение установленного порядка в пограничной зоне путем создания необходимых условий для защиты Государственной границы.

4. На въездах в пограничную зону Министерством транспорта и коммуникаций Республики Казахстан устанавливаются дорожные (информационные) знаки.

5. В пограничной зоне Пограничной службе Комитета национальной безопасности Республики Казахстан в порядке, установленном законами Республики Казахстан, безвозмездно отводятся в постоянное пользование земельные полосы (участки), которые используются для обустройства и содержания инженерно-технических сооружений и заграждений, коммуникаций, пунктов пропуска и иных объектов инфраструктуры Государственной границы.

6. По представлениям местных исполнительных органов, согласованных с Комитетом национальной безопасности Республики Казахстан и Министерством внутренних дел Республики Казахстан, устанавливается перечень приграничных территорий, входящих в пограничную зону, где Правительством Республики Казахстан может исключаться или приостанавливаться действие отдельных режимных ограничений.

7. Контроль пограничного режима осуществляется Пограничной службой Комитета национальной безопасности Республики Казахстан и Министерством внутренних дел Республики Казахстан.

Статья 40.

Въезд в пограничную зону

1. Въезд граждан Республики Казахстан в пограничную зону осуществляется по документам, удостоверяющим личность.

2. Въезд иностранцев и лиц без гражданства в пограничную зону осуществляется по документам, удостоверяющим личность, и пропускам на въезд в пограничную зону, выдаваемым Министерством внутренних дел Республики Казахстан в порядке, определяемом Правительством Республики Казахстан.

3. В случае следования ино-

странцев и лиц без гражданства по путям международных железнодорожных и автомобильных сообщений к пункту пропуска с целью выезда из Республики Казахстан их въезд в пограничную зону производится по документам, удостоверяющим личность. Изменение маршрута следования данной категорией лиц запрещается.

Статья 41.

Временное пребывание, проживание и передвижение в пограничной зоне

1. Лица, находящиеся в пограничной зоне, должны постоянно иметь при себе документы, удостоверяющие личность, а также разрешительные документы, указанные в статье 40 настоящего Закона.

2. Иностранцы (жители приграничных районов сопредельных государств), въехавшие в Республику Казахстан через пункты упрощенного пропуска, перемещаются в пограничной зоне по документам, удостоверяющим личность, и специальным пропускам, выдаваемым Пограничной службой Комитета национальной безопасности Республики Казахстан, если таковое предусмотрено международными договорами Республики Казахстан с сопредельным государством.

3. Контроль за въездом, временным пребыванием, проживанием и передвижением в пограничной зоне возлагается на Пограничную службу Комитета национальной безопасности Республики Казахстан и Министерство внутренних дел Республики Казахстан, которые по согласованию устанавливают места въезда в пограничную зону.

Статья 42. Проведение общественно-политических, культурных или иных мероприятий в пограничной зоне

1. Проведение общественно-политических, культурных или иных мероприятий в пограничной зоне осуществляется с уведомлением Пограничной службы Комитета национальной безопасности Республики Казахстан.

2. Уведомление вносится непосредственным организатором планируемого мероприятия и должно содержать сведения о характере, месте, времени и количестве его участников.

3. Пограничная служба Комитета национальной безопасности Республики Казахстан вправе вносить представления в адрес местных исполнительных или иных уполномоченных органов, а также непосредственного организатора мероприятия по принятию дополнительных мер, направленных на устранение причин и условий, способствующих совершению правонарушений в пограничной зоне.

Статья 43.

Нарушение пограничного режима

Несоблюдение установленного в соответствии с настоящим Законом порядка въезда (прохода), временного пребывания или передвижения, ведения хозяйственной, промысловой или иной деятельности, проведения общественно-политических, культурных или иных мероприятий в пограничной зоне признается нарушением пограничного режима.

Войсковая часть 2093 Регионального Управления «Оңтүстік» Пограничной службы КНБ РК.

(Начало в №86-87,
№89-90, №92-93, №102-103.
Продолжение следует)



„КАҒІПСІЗ МЕКТЕП“ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ БАСТАЛДЫ

2016 жылдың 10 тамызы мен 20 қыркүйегі аралығында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Қауіпсіз мектеп» республикалық акциясы «Қауіпсіз балалық шақ!» ұранымен өткізілуде.

Акцияның мақсаты – білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оқушылар арасында және оларға қарсы құқық бұзушылықтың алдын алу және оқу орындарында қауіпсіздік шараларын жетілдіру.

Қатысушылардың сапалы құрамы: мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар, оқушылар мен студент жастар, мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері, педагогикалық, ата-аналар, шығармашылық қауымдастықтың, мекемелердің, еңбек ұжымдарының, ҰЕҰ, БАҚ өкілдері т.б.

Акцияның мазмұны мен форматы:

– «Қауіпсіз балалық шақ!» ұраны барлық іс-шараларды өткізу кезінде ұстанатын негізгі қағидат болып табылады. Республикалық акция мектепте, үйде, есік алдында, лифте, кіре берісте, суда, жолда, көлікте қауіпсіздік ережелері туралы, сонымен қатар,

алғашқы көмек көрсету тәсілдері және шұғыл қызметтер туралы мәселелерге балалар мен ата-аналардың, қоғамның назарын аудару.

Акцияны әрқайсысы арнайы шараларды өткізуді қамтитын кезеңдер бойынша өткізу ұсынылады:

1. Қауіпсіз мектеп ортасын қалыптастыру бойынша білім беру ұйымдарының жаңа оқу жылына дайындығы бойынша арнайы құрылған комиссияның жұмысы.

2. Балалар мен ата-аналардың қатысуымен іс-шаралар ұйымдастырып өткізу:

– көшеде, жолда, үйде, сонымен қатар, бөгде адамдармен қауіпсіз жүру ережелерін түсіндіру бойынша қауіпсіздік сабақтарын өткізу;

– жол қозғалысына қатысушыларды жолда абай болуға шақыру бойынша орталық көшелерде, алаңдарда

флешмоб ұйымдастыру және өткізу;

– балабақшалар мен мектептерде 6 жастан 13 жасқа дейінгі балалар арасында «Қауіпсіздік шұғыласы» атты сурет байқауын өткізу;

– балаларды жолда қауіпсіз жүру білімдері, жол-көлік оқиғасында жарақат алғандарға алғашқы көмек көрсету дағдыларын көрсету мақсатында білім беру ұйымдарында «Қауіпсіз жол» жол қозғалысының жас инспекторларының байқауын өткізу;

– балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша мектеп инспекторларының қатысуымен ата-аналар жиналыстарын өткізу.

«Қауіпсіз мектеп» Республикалық акциясы 20 қыркүйекке дейін жалғасады. Ендеше, ауданның барлық тұрғындарын «Қауіпсіз мектеп» акциясына белсене қатысуға шақырамыз!

М.БЕКСҰЛТАНОВА,
аудандық білім бөлімінің әдіскері

ШЕТЕЛДІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛЕДІ

«Төлемдер және төлем жүйелері туралы» заңға енгізілген түзетулерге сәйкес, Салық кодексінің кейбір баптары өзгерді. Мәселен, шетелден қаржы алатын азаматтық және заңды тұлғалар бұдан былай мемлекеттік кірістер органдарына есеп беруге міндеттеледі. Осылайша, Қазақстан әлемдегі дамыған 30 елдің стандарттарына көше отырып, шетелдік қаржыландыруға қатысты салық бақылауын кеңейтуді көздеп отыр. Еліміздің әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру тұжырымдамасын жүзеге асыру бағдарында ел ішінде саяси, экономикалық және әлеуметтік жаңаруларға қолайлы жағдай туғызу, халықаралық қауымдастықта ұлттық мүддемізді қорғау басты басымдықтарымыздың бірі болып қалмақ. Осы орайда, жаңа заңның қабылдануы алға қойған мақсат-мұраттарымызды іске асыруда міндетті қадамдардың бірі болып табылады.

Бұл жерде мемлекет ешқандай да қосымша әкімшілік кедергілерді қойып отырмағанына назар аудару қажет. Себебі заң шетелдік қаражатты тартуға ешқандай ресми рұқсатнама, лицензия талап етпейді. Бар болғаны ол хабарламалық сипатқа ие. Шетелден қаражат алған тұлғалар өзінің іс-қимылы жөнінде құзыретті органдарды хабардар етуі жеткілікті. Соның ішінде, шетел ақшасының алынғаны және жұмсалғаны туралы мәліметтерді әр тоқсан сайын бір рет салық органдарына жіберу керек. Егер де қаражат бір тоқсан ішінде жұмсалған болса, онда екінші тоқсанда мәлімет беру міндетті емес.

Сонымен қатар, бұл жердегі процедуралар жеңілдетілген. Ақпаратты ұсыну тәртібі, хабарлама мен мәлімет формасы қарапайым. Мысалы, мәліметті салық есебіне сәйкес етіп, салық органына арнайы барып, немесе электрондық поштамен жіберуге болады. Заң ақша мен мүліктің көлеміне қандай да бір шектеу қою қызметін атқармайды. Сол себептен, алатын ақшаның көлеміне де ешқандай шектеу жоқ. Бар болғаны, оны алғаны

және қайда жұмсағаны жөнінде ақпарат берілсе жеткілікті. Тағы бір ескеретін жайт, аталған түзетулердің құзыреті белгілі бір тұлғаларға жүрмейді. Ол қандай тұлғалар? Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы кодекстің (Салық кодексі) 14-інші бабына сәйкес, бұл заңның құзыреті адвокаттарға, нотариустарға, дипломатиялық өкілдіктерге, мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарына жүрмейді. Мысалы, «Адвокат салық органдарының алдында есеп беруге міндетті ме?» деген орынды сұрақ туады. Құзырлы мемлекеттік органның түсіндіруінше, егер бұл жерде қаржыландыру мәселесі адвокаттың кәсіпкерлік қызметімен байланысты болса, онда ол ешқандай мәлімет бермейді. Себебі бұл Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы кодекстің (Салық кодексі) 14-інші бабында анық жазылған.

Шетелден қаржы алатын ұйымдар есеп береді

Бұдан былай шетелдік азаматтар мен ұйымдардың қаражатын

пайдаланып, заңдық қызмет көрсететін, қоғамдық пікірге зерттеу жүргізетін және ақпаратты жинақтап, талдап, тарататындар арнайы есеп беретін болды. Қазақстан Салық кодексіне шетелдік қаржыландыру туралы түзету енгізілді. Осыған сәйкес, еліміздегі шетелдіктердің қаржылық қызметін Қаржы министрлігі жанындағы Мемлекеттік кірістер комитетінің қызметкерлері қадағалап отырады.

Мемлекеттік кірістер комитетінің есептеуі бойынша, еліміздегі салық төлеушілердің 99,9 пайызына да бұл түзетудің қатысы жоқ. Тек шетелдік азаматтар мен ұйымдардың қаражатын пайдаланып, заңдық қызмет көрсететін, қоғамдық пікірге зерттеу жүргізетін және ақпаратты жинақтап, талдап, тарататын 0,1 пайыз тұлғалар арнайы есеп береді. Бұл шаралар қаражат алу мен жұмсау тәртібінің ашықтығын қамтамасыз етеді. Мұндай есеп беретін тұлғаларға мемлекеттік кірістер органдарына келіп, тіркелудің қажеті жоқ. Бар болғаны, тиісті ақпаратты салық төлеушінің электрондық кабинеті бойынша немесе хат формасында құзыретті органға жолдауға болады.

Шетелдік көздерден ақша және мүлік алғаны жөнінде келісім жасалғаннан кейін, 10 күн ішінде азаматтар мен заңды тұлғалар салық органдарына бекітілген формада хабарлама жібереді. Есептік тоқсаннан кейінгі айдың 15-іне дейін салық органына алынған ақша мен оның жұмсалғаны туралы есеп жіберіледі.

**МЕРКІ АУДАНЫ БОЙЫНША
МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР
БАСҚАРМАСЫ**

ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АБОНЕНТОВ ОТАУ TV



ПЕРЕНАСТРОЙТЕСЬ
на казахстанский спутник

до 01.09.2016г

и получите
гарантированный подарок!

www.otautv.kz ☎ 193, 8 (727) 2581 500 📞 7193

Уважаемые абоненты! Сообщаем вам, что АО «Казтелерадио» переходит на новый казахстанский спутник KazSat-3. Переход на спутник KazSat-3 предоставит зрителям смотреть дополнительные каналы, а также появится возможность просмотра HD-каналов.

В связи с этим, период перехода запланирован с мая по сентябрь 2016 года. Вам необходимо заблаговременно обратиться к монтажным бригадам, дилерам для осуществления настроек оборудования, либо самостоятельно произвести перенастройку спутникового оборудования «OTAU TV».

При этом, стоимость за услуги по перенастройке оборудования на спутник KazSat-3 составляет не более 2000 (двух) тысяч тенге.

В случае, если вы уже перенастроили антенну и приемное оборудование на KazSat-3 и не были подключены к подарочному просмотру платного пакета, сроком на один месяц, то вам необходимо позвонить по телефонам: **8-7262-52-66-18 (круглосуточно), 8-7262-42-73-55 (9.00-18.00 ч.)**. При дозвоне по этим телефонам вам необходимо будет сообщить: номер приемника, Ф.И.О., адрес установки оборудования, ваш контактный телефон, ваш ИИН.

Полученная информация будет оперативно обработана сотрудниками и вам предоставят возможность просмотра платного пакета на один месяц.

ЖЕР САТЫЛАДЫ

Астана кафеісіне қарама-қарсы 15 сот. жер телімі сатылады.
Тел.: 87011932106; 87059776095.

Құттықтаймыз!

Аудандық Ардагерлер ұйымының Пленум мүшесі **Қасидан Бұрханалиевті 75 жасқа** толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Осындай мерейлі, қуанышты күні ардагерлер ұйымының белсенді мүшесі, активі, көпшілікке сыйлы жан, ауданымыздың «Құрметті азаматы» Қасиданға мықты денсаулық, ұзақ та баянды ғұмыр, отбасына амандық тілейміз. Жасыңа жас қосылып, ауданымыздың жастарын отансүйіштік рухта тәрбиелеуде бұдан әрі де өз үлесінді қосып, келелі жұмыстар атқара беруіңе тілектеспіз. Немере-шөберелердің қызығын көріп, көпті

көрген тағылымыңмен балаларыңның ақылшысы, тірегі, сүйеніші болып жүре бер. Шаңырағың ырыс пен шаттыққа, қуанышқа толы болсын.

75 жас туған күнің құтты болсын, Күннің нұры шаңырағыңа Өмірің шаттық пенен нұрға толсын. Төрт құбылаң түгелденіп, Қасидан, Немере, шөберелер үйге толсын. Перзенттерің абыройыңды Теңіз болып бақ-дәулетің тасысын, асырсын.

Ізгі ниетпен: аудандық Ардагерлер ұйымы қоғамдық бірлестігінің Президиумы.



Құттықтау

Аудандық аурухана әкімшілігі және кәсіподақ ұйымы Отбасылық дәрігерлік орталықтың жалпы тәжірибелік дәрігері **Абдухалилова Бибімарзия Ізтұрғанқызын** 18 тамызда 50 жасқа

толған туған күнімен құттықтаймыз!

Қымбатты Бибімарзия! Мерекелі, берекелі күні Сізге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, мол бақыт, көтеріңкі көңіл-күй тілейміз. Сіз бар саналы ғұмырын медицина саласына арнап, әр отбасының көз қуанышы болып жүрген балаларды емдеп, көмек қолын созып жүрген өз ісінің маманы, білікті дәрігерсіз. Халық үшін атқарған еселі еңбегіңіздің тек қана

жемісін көріңіз. Көпшіліктің алғысына бөленіп, қажымай-талмай, биік белестерді бағындырыңыз. Сіз білгір маманмен қатар отбасында жақсы жар, аяулы анасыз. Тәрбиелеп отырған ұл-қыздарыңыздың қызығын көріңіз. Әрдайым өміріңіз қуатты, көңіліңіз шуақты, көрер қуанышыңыз молынан болсын. Жасыңызға жас қосылсын.



Ақ тілек

Аудандық аурухананың перзентхана бөлімінің акушеркасы **Мұстафаева Меруерт Абдуқадырқызын** 19 тамызда еңселі 50 жасқа толған туған күнімен шын көңілімізбен құттықтаймыз!

Меруерт Абдуқадырқызы! Сізге осы мерейтойыңызда көтеріңкі көңіл-күй, талмас қанат, денсаулық, отбасыңызға бақ-береке, ырыс-құт тілейміз. Сіз өз ісін үлкен жауапкершілікпен, тиянақты атқара

білетін, білікті де білгір мамансыз. Перзентханада ертеңгі келешегіміз кішкентай нәрестелердің дүние есігін ашуына өз үлесіңізді қосып, сол нәрестелерді дүниеге әкелетін аналарға қол ұшын беріп, әр отбасыға қуаныш сыйлап, салмақты мінезінзбен ерекшеленіп жүрген жақсы жансыз. Өсіріп отырған ұлдарыңыздың, немерелеріңіздің қызығын көріңіз. Өміріңіз нұрға, жүрегіңіз жырға бөленіп, әр күніңіз шұғылалы да шырайлы болсын.

Көрер қуаныштарыңыз көп болсын. Алдағы асулардан алқынбастан асып, еңселі елу жасты еңсеріп, жүз жастың биігінен көріңіз. Еңбегіңіздің жемісін көріңіз.

Аудандық аурухана әкімшілігі және кәсіподақ ұйымы.



ТРЕБУЮТСЯ УЧИТЕЛЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА С ВЫСОКИМ УРОВНЕМ ЗНАНИЙ

Официальное трудоустройство (пенсионные и социальные отчисления).

Заработная плата 60000-100000 тг.

Резюме высылайте на эл.почту: enjoy-english@bk.ru

Тел.: +77014506630;

+77021112784 (WhatsApp)

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛСЫН

2000 жылы 33317 заводтан шыққан ОКА – 102 Ф кассалық аппарат (соңғы тіркеу күні 30.10.2009 жыл) жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

В связи с прекращением деятельности КХ «Даулет», на имя Бербаева Тунгушбека, ИИН 600210300818, все претензии принимаются в течение одного месяца после опубликования по адресу: Меркенский район, с. Андас батыра, ул. Мельниченко, 41.

МЕРКІ ТЫНЫСЫ

**Директор –
Бас редактор
Әтіркүл ИСАЕВА**

vestnik-merke@mail.ru

Меншік иесі:

**“Меркі тынысы”-
Баспасы”
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі**

**Индекс: 080500,
Жамбыл облысы,
Меркі ауданы,
Ә.Ысмайылов көшесі,
№349.**

**Телефондар: Бас
редактор –
4-07-33 (факс.),
бөлімдер – 4-07-35;
4-07-58;
есепші – 4-07-34**

Газет аралас – қазақ және орыс тілдерінде аптасына 2 рет – сәрсенбі, жұма күндері шығады. Редакция авторлардың көзқарасы үшін өзіне жауапкершілік жүктемейді. Газет ЖК ЖТО «Али 3А» баспа орталығында басылған. Мекен-жайы: Тараз қаласы, Төле би көшесі №36

Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы КҰӘЛІК №14047-Г Астана қаласы, 24.12.2013 жыл.

● ТАРАЛЫМЫ: 2584 дана